ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ

АКИМАТ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

# ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ
# ДОРОГАМИ МУЖЕСТВА

КІТАП-АЛЬБОМ
КНИГА-АЛЬБОМ

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

Басылымды шығару идеясының авторы:
Приозерск қаласының әкімі Қ.А. Камзин

Құрастырғандар:
Приозерск қаласының ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

Мәтіндерді тергендер:
Ж.Т. Дулатова, Н.Қ. Қарабеков

Автор идеи выпуска издания:
Аким города Приозерск К.А. Камзин

Составители:
Отдел внутренней политики,
культуры и развития языков города Приозерск

Набор текста:
Ж.Т. Дулатова, Н.К. Карабеков

**Ер** есімі ел есінде – Дорогами мужества / Кітап-альбом, книга-альбом. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 120 б.
**ISBN 978-601-04-**

Қалың оқырманға жол тартқан «Ер есімі ел есінде» кітап-альбомы 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналады. Кітаптың жарыққа шығу мақсаты Ұлы Отан соғысына қатысқан және тылда еңбек еткен жерлестеріміздің өмірі мен ерлік істерінен мәлімет беру, олардың есімін болашақ ұрпақтың жадында сақтау болып табылады.

Аталмыш кітапта 1956 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Приозерск қаласында тұрған, тұрып жатқан жерлестеріміз жайлы мәліметтер енгізілген. Сондай-ақ, кітапқа Ауған соғысына қатысқан интернационалист-жауынгер жерлестеріміз туралы деректер мен мәліметтер де енгізілді.

Жинақ құрастырушылары бұл кітап өскелең ұрпақты патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге өз септігін тигізер деп үміттенеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Предлагаемая вашему вниманию книга-альбом «Дорогами мужества» посвящена 75-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Целью издания является сохранение в памяти нынешнего и всех будущих поколений имен приозерцев – участников ВОВ, тружеников тыла и участников Афганской войны 1979-1989 гг.

В книгу включены сведения о земляках, проживавших в городе Приозерске в разные годы и живущих в настоящее время.

Составители данной книги-альбома надеются, что ее выход будет способствовать патриотическому воспитанию подрастающего поколения.

Книга адресована широкому кругу читателей.

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, 2020
Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск, 2020

# АЛҒЫСӨЗ

Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына. Біз кітап арқылы өткенімізді оқып-білеміз, тарихымызбен танысамыз, кейіпкерлер арқылы артта қалған күндердің жарқын сәттерімен, қоғамның тыныс-тіршілігімен, сол заманның ақ және қара жақтарымен дидарласамыз, жеке адамдардың өткен өмірінен, басып өткен соқпақтарынан, еткен еңбектерінен, жасаған ерлік істерінен деректер алып, ғибратты һәм өнегелі істерін ұрпаққа үлгі етеміз.

Мына қолдарыңызға ұстап отырған кітап 1941-1945 ж.ж. неміс-фашист басқыншыларымен болған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жойқын соғыстың тарихи беттерінен, оған қатысқан жерлестеріміздің өмірі мен ерлік істерінен, соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі қажырлы қызметтерінен мәлімет береді.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында Приозерск қаласы әкімдігінің қолдауымен жарыққа шыққан кітапқа Приозерск қаласында бізбен қатар өмір сүрген жандардың өмір жолдарынан деректер мен естеліктер, олардың суреттері енген.

Қаламыздың іргетасының қалануы және өсіп-өркендеуі жолында қалтқысыз қызмет етіп, өлшеусіз үлес қосқан артиллерия генерал-лейтенанты Дорохов Степан Дмитриевич, генерал-лейтенант Кисунько Григорий Васильевич, генерал-лейтенант Трофимчук Михаил Игнатьевич, Кеңес Одағының Батыры полковник Миронов Александр Ильич, генерал-майор Губенко Александр Алексеевич секілді Ұлы Отан соғысын толық бастан кешіп, бейбіт өмірде қалаға қажырлы қызмет еткен жандардың өмірі мен қызметінен өскелең ұрпақ хабардар болуы тиіс. Бұл жандар – біздің өткен тарихымыздың куәгерлері және кейіпкерлері.

Жасы кәмелетке жетпей майданға аттанып, қазақтың қайсар қызына тән ерлік пен батылдықтың, қаһармандық пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен, қалада бізбен қатар өмір сүріп, жуықта дүниеден өткен Көбеева Аймереке Бекболатқызы, соғыс ардагерлері Морозов Иван Павлович, Унтаков Орынбай, Удилов Георгий Иванович, Махамбетшин Балтабай, Алексеева Валентина Михайловна, Москаленко Николай Варфоломеевич, Зябчук Василий Иванович, Карташов Иван Васильевич, Чернев Василий Алексеевич, Жанқараев Қалман, Халявченко Мария Ивановна, Налбандян Павел Арменакович және Мозгачев Борис Сидорович сияқты соғыс өртінің ішінен аман-сау оралған және біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін соғысқан ардақты да аяулы жандардың жарқын бейнелері қаламыздың және еліміздің тарихында қалуы үшін осынау кітапқа енген.

Сондай-ақ, соғыс кезінде тылда еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан тыл еңбеккерлері туралы да осы кітаптан мағлұмат аласыздар. Олардың арасында Абрамов Владимир Семенович, Бабич Мария Павловна, Буслова Зоя Семеновна, Веремский Николай Кузьмич, Волкова Мария Ивановна, Галиутдинова Сатига, Глущенко Василий Тихонович, Гаркушина Анна Леонтьевна, Глушкова Анастасия Осиповна, Жұмабекова Марияш Мұстаевна, Зиновьева Анна Михайловна, Кудряшов Константин Иосифович, Иванов Иван Иванович, Кудряшова Юлия Семеновна, Кравцов Василий Николаевич, Кузнецова Евдокия Никитична, Медетов Кенже, Мотрина Мария Григорьевна, Порсина Мария Ильинична, Правдина Евдокия Андреевна, Савченко Варвара Захаровна, Сисенбаев

Аппаз, Слюсарева Нина Сергеевна, Сыркина Анастасия Петровна, Сопова Екатерина Ивановна, Шенцов Василий Григорьевич, Сурова Александра Платоновна, Куропаткина Анна Егоровна, Рысқұлова Зинаида, Бекназаров Мухамбетьяр, Барсуков Сергей Николаевич, Волкова Нина Ивановна, Құлмағанбетов Төретай, Кучмина Клавдия Федоровна, Каленич Петр Семенович, Степанчук Людмила Илларионовна, Шпак Юлия Федоровна, Дёмин Николай Павлович, Өтегенов Пердебай, Свиридова Зоя Игнатьевна секілді тыл ардагерлерінің өмірбаяндары көрсетілген.

Сондай-ақ, кітапта осынау ержүрек ардагерлердің ізбасарлары, әйгілі Ауған соғысына қатысып, от-жалынның арасынан аман-сау елге оралған интернационалист-жауынгер жерлестеріміздің де есімдері назардан тыс қалмаған. Олар туралы деректер мен мәліметтерді де осы кітаптан оқи аласыздар.

Соғыс және тыл ардагерлерінің өздері өмірден өтсе де, жарқын бейнелері ұрпақтарының жадында мәңгі қала береді.

Кітап – нақты деректер мен дәйектер негізінде құрастырылған және қалың оқырманға арналған.

Кітапқа деректер мен мағлұматтарды жинап, құрастыру барысында көптеген қиындықтардың ұшырасқанын айта кетуіміз керек. Біраз ардагерлер туралы мәліметтер архивте өте аз болып шықты. Бұл кісілер жайлы деректерді олардың отбасыларынан алуға тура келді және қаншама адамның қажымай-талмай ізденуіне тура келді. Осы орайда кітапты құрастыру барысында соғыс және тыл ардагерлерінің үйлеріндегі жеке архивтерінен мағлұматтар мен деректер жинасуға атсалысқан қалалық ардагерлер ұйымының, ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі және жастар ұйымы қызметкерлерінің елеулі еңбектерін айта кеткеніміз жөн.

*Нұрғали Қыдырмұратұлы*
***ҚАРАБЕКТЕГІ***
*ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын*
*Приозерск қаласының тұрғыны*

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Мы, составители книги-альбома, посвященного 75-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг., приветствуем Вас со страниц этой книги памяти. С большой любовью и трепетом мы трудились над изданием данного альбома. В каждой семье нашего народа хранится память о прошедшей войне, защитниках Родины, погибших, раненых или без вести пропавших. Эта боль не утихла до сих пор. О ней принято молчать. Но иногда Память напоминает. В наше неспокойное время нам необходимо вспомнить, кто мы, какая духовная сила живёт в нас, и, обращаясь к памяти о наших ветеранах, воспитывать наше подрастающее поколение, научить его любить и защищать свою Родину.

Мы родились и выросли в мирное время. Мы никогда не слышали воя сирен, извещающих о военной тревоге, не видели разрушенных фашистскими бомбами домов, не знаем, что такое нетопленое жилище и скудный военный паек. Нам трудно поверить, что человеческую жизнь оборвать так же просто, как утренний сон. Для нас война – история. Хотя прошло 75 лет со Дня Победы, однако время не властно над памятью людей разных поколений.

В годы войны 500 казахстанцев стали Героями Советского Союза, более 100 – полными кавалерами ордена Славы, четверо были дважды удостоены звания Героя Советского Союза. Это – Талгат Бигельдинов, Леонид Беда, Иван Павлов и Сергей Луганский.

Мы помним имена Бауыржана Момышулы, Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой, Толегена Токтарова, Нуркена Абдирова и других отважных героев войны. Их великий подвиг навсегда вписан в Историю, он всегда будет жить в сердцах казахстанцев.

Многим казахстанским девушкам и юношам было присвоено звание Героя Советского Союза, многим из них посмертно.

Одно из знамен Победы на стенах Рейхстага в поверженном Берлине было установлено нашим земляком лейтенантом Рахимжаном Кошкарбаевым. А уроженец Костанайской земли старший сержант Илья Сьянов участвовал в водружении на куполе Рейхстага Знамени Победы, которое сегодня хранится как величайшая реликвия – символ торжества разума над силами зла, как символ праздника свободы и мира.

Солдаты разных национальностей освобождали нашу страну и всю Европу. Все вместе защищали от общего врага родину каждого и одну огромную страну. И это единство всех народов помогло одолеть врага.

В данную книгу, которая выпущена при поддержке акимата города Приозерск, вошли сведения и воспоминания о жизни людей, живших в разное время и ныне живущих в городе Приозерск, их фотографии.

Это – основатели 10-го испытательного полигона Сары-Шаган и города Приозерск, участники ВОВ – генерал-лейтенант артиллерии Дорохов Степан Дмитриевич, генерал-лейтенант Кисунько Григорий Васильевич, генерал-лейтенант Трофимчук Михаил Игнатьевич, Герой Советско-

го Союза полковник Миронов Александр Ильич, генерал-майор Губенко Александр Алексеевич.

Это – участники ВОВ, простые люди, которые жили и трудились в нашем городе, такие как Кубеева Аймереке Бекболатовна, Морозов Иван Павлович, Унтаков Орынбай, Удилов Георгий Иванович, Махамбетшин Балтабай, Алексеева Валентина Михайловна, Москаленко Николай Варфоломеевич, Зябчук Василий Иванович, Карташов Иван Васильевич, Чернев Василий Алексеевич, Жанкараев Калман, Халявченко Мария Ивановна, Налбандян Павел Арменакович, Мозгачев Борис Сидорович.

Это – люди, которые несли тяготы войны в тылу, которые жили в нашем городе и своим каждодневным простым трудом участвовали в становлении Приозерска: Абрамов Владимир Семенович, Бабич Мария Павловна, Буслова Зоя Семеновна, Веремский Николай Кузьмич, Волкова Мария Ивановна, Галиутдинова Сатига, Глущенко Василий Тихонович, Гаркушина Анна Леонтьевна, Глушкова Анастасия Осиповна, Жумабекова Марияш Мустаевна, Зиновьева Анна Михайловна, Кудряшов Константин Иосифович, Иванов Иван Иванович, Кудряшова Юлия Семеновна, Кравцов Василий Николаевич, Кузнецова Евдокия Никитична, Медетов Кенже, Мотрина Мария Григорьевна, Порсина Мария Ильинична, Правдина Евдокия Андреевна, Савченко Варвара Захаровна, Сисенбаев Аппаз, Слюсарева Нина Сергеевна, Сыркина Анастасия Петровна, Сопова Екатерина Ивановна, Шенцов Василий Григорьевич, Сурова Александра Платоновна, Куропаткина Анна Егоровна, Рыскулова Зинаида, Бекназаров Мухамбетьяр, Барсуков Сергей Николаевич, Волкова Нина Ивановна, Кульмаганбетов Торетай, Кучмина Клавдия Федоровна, Каленич Петр Семенович, Степанчук Людмила Илларионовна, Шпак Юлия Федоровна, Дёмин Николай Павлович, Утегенов Пердибай, Свиридова Зоя Игнатьевна.

В данной книге не остались без внимания и последователи отважных ветеранов ВОВ – воины-интернационалисты, принимавшие участие в Афганской войне (1979-1989 гг.), которые ныне являются жителями нашего города.

К сожалению, нам не удалось включить в данную книгу сведения о всех ветеранах ВОВ, тружениках тыла, когда-либо проживавших в Приозерске. Так как они проживали в городе в разные годы, сведения о них не сохранились. Мы смогли восстановить имена некоторых их них. Это участник ВОВ Ситников Кузьма Степанович, труженики тыла Мережко Александра Ульяновна, Воронцова Анна Ивановна, Плещенко Клавдия Ивановна, Пришедько Василий Платонович, Погорелова Анастасия Ивановна, Скоробогатова Тамара Михайловна, Лавникович Мария, Куриленок Михайл Авакумович.

***Дулатова Жулдыз Тиштыбаевна,***
*житель г. Приозерск*




1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс стелласы
Стелла Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.



Совет солдатының ескерткіші, Приозерск қаласы
Памятник Советскому солдату, город Приозерск



... Чтобы цвели все тюльпаны Земли



Ауған соғысына қатысушы интернационалист-жауынгерлерге арналған
ракета макетінде орнатылған мемориалдық естелік тақта
Мемориальная памятная доска, посвященная воинам-интернационалистам участникам
Афганской войны, установленная на макете ракеты

Ардагерлер Приозерск қ. әкімдігінің қызметкерлерімен Жеңіс күніне арналған салтанатты жиыннан соң, 2009 жылғы мамыр

Ветераны с сотрудниками акимата г. Приозерск после торжественного собрания, посвященного дню Победы, май 2009 года





Ардагерлер Приозерск қаласы әкімі Қ.А. Камзиннің салтанатты қабылдауында, 2013 жылғы мамыр

Ветераны на торжественном приеме акима города Приозерск Камзина К. А., май 2013 года

# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ

# ВЕТЕРАНЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Алексеева Валентина Михайловна**
**1923–2019**

Нағыз қызығын көретін небәрі 18 жасында соғысқа аттанған қыздың бірі – **Алексеева Валентина Михайловна.** Ол 1923 жылдың 31 қаңтарында Ленинград қаласында дүние есігін ашқан. Қызғалдақтай құлпыра бастаған шағында Ленинград қалалық әскери комиссариатынан әскерге алынған ол өзі таңдаған мамандығы бойынша медбике ретінде қызмет атқарады. Атап айтқанда әскери медбикелік жолын 1941 жылдың қыркүйегінде Сокол қаласындағы № 4285 эвакуациялау госпиталінде кіші медбике болып бастаған. Жауапкершілікті сезіне білетін, өз мамандығын сүйетін және қызметіне адал жас маман 26.11.1943 жылға шейін өзіне тапсырылған қызметті мейлінше адал және жауапкершілікпен атқарып шығады. Валентина Михайловна бұдан әрі 01.12.1943-жылы №1539 эвакуациялау госпиталінде 1944 жылға шейін абыроймен қызмет етеді. 1945 жылдың ақпан айынан бастап 1945 жылдың қыркүйек айына дейін НКВД жанындағы әскери тұтқындарға арналған лагерьде қызмет еткен. 1944 жылы Вологда қаласы маңынан жарақаттануына байланысты соғыстан қайтарылған болатын. Валентина Михайловна 2-дәрежелі ҰОС орденімен, Жуков медалімен, Украина майданын азат етуге қатысқаны үшін 4 мерекелік медальмен және 40, 50, 60 жылдары «Жеңіс үшін» медальдарымен марапатталған.

Майданнан жарақат алғанымен, аман-есен елге оралған В. Алексеева бейбіт өмір майданында да аз еңбек еткен жоқ. Мәселен, 1945 жылдың қыркүйегі мен 1948 жылдың қаңтары аралығында Тихорск балабақшасында қызмет еткен. 1948 жылдың қаңтар айы мен 1965 жылдың ақпан айы аралығында Литва КСР-і Укмерг қаласының жедел жәрдем қызметінде өз мамандығы бойынша еңбек еткен. 1965 жылдың наурыз айынан бастап 1986 жылдың сәуір айына, яғни, зейнетке шыққанға дейін Жезқазған облысының Приозерск қаласындағы 34402 әскери бөлімінде медбике болып қызмет еткен. 2019 жылы қайтыс болды.

Рядовой **Алексеева Валентина Михайловна** родилась 31 января 1923 года в городе Ленинграде.

Во время войны работала медсестрой. С сентября 1941 года по июнь 1942 года работала младшей медсестрой эвакогоспиталя № 428 в городе Сокол.

С июня 1942 года по 26 ноября 1943 года работала медсестрой в инфекционном поезде. 01.12.1943 года руководство далее отправляет ее в эвакуационный госпиталь № 1539. Валентина Алексеева добросовестно трудится в этом госпитале до 1944 года. С февраля 1945 года по сентябрь 1945 года работала медсестрой в лагере военнопленных при НКВД. В 1944 году была ранена в боях под Вологдой.

Награждена медалью Жукова 2 степени, четвертой юбилейной медалью за освобождение Украинского фронта, Медалями «40 лет Победы», «50 лет Победы», «60 лет Победы».

Несмотря на ранения, полученные на фронте, вернувшаяся на родину Алексеева В. продолжила трудиться. Так, с сентября 1945 года по январь 1948 года работала в Тихорском детском саду.

С января 1948 года по февраль 1965 года работала по своей специальности в службе скорой помощи г. Укмерге Литовской ССР. С января 1950 года по февраль 1965 года – медсестрой в больнице в городе Укмерге.

С марта 1965 года по апрель 1986 года до выхода на пенсию работала медсестрой в в/ч 34402 города Приозёрск Джезказганской области. Умерла в 2019 году.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Жанқараев Қалман**
**1910–2010**

**Жанқараев Қалман** 1910 жылы Өзбекстанда дүниеге келген. Он жасқа толғанда ауыл молдасынан 1 жыл сабақ алған. Совет үкіметі орнағаннан кейін, есейген шағында Бұқара облысы, Қарақұм ауданы, Правда колхозында және Рометанский ауданы, Кизил-Рават колхозында мал шаруашылығымен шұғылданған. 1939 жылы отбасын құрған. 1942 жылы әскерге алынып, Аягөз қаласында әскери дайындықта болған. Әскери дайындықтан соң соғысқа аттанған. Смоленск жерінде, Литвада шайқасқан. Қан төгіс майданда көрсеткен ерліктері үшін бірнеше медаль, ордендермен марапатталған: «За боевые заслуги» медалі, 2-дәрежелі ҰОС орденімен. Жанқараев Қалман 1947 жылы жараланып, еліне қайтқан. Соғыстан кейін бейбіт өмірде мал шаруашылығымен айналысқан. Зайыбы екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірген, 2010 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, Приозерск қаласына тұрақтаған. Жанқараев Қалман 100 жасқа келіп 2010 жылы дүниеден өтті. Бүгінгі күнде Қалман атаның ұрпақтары – 10 баласы, 39 немересі, 105 шөбересі және олардан тараған 10 шөпшегі бейбіт заманда өмір сүруде.

---

**Джанкараев Калман** родился в 1910 году в Узбекистане. В детстве 1 год обучался у сельского муллы. Занимался животноводством в колхозе Правды Каракумского района Бухарской области и в колхозе Кизил-Рават Рометанского района. Женился в 1939 году. В 1942 году был призван в армию. После военной подготовки, которая проходила в г. Аягоз, отправился на войну. Воевал под Смоленском, в Литве и т.д. За мужество, проявленное на фронте в кровопролитных боях, награжден медалью «За боевые заслуги», орденом Отечественной войны II степени. Джанкараев Калман был ранен в 1947 году и вернулся на Родину.

В мирное время продолжил заниматься скотоводством. С супругой воспитали 10 детей. В 2010 году переехал на свою историческую Родину Казахстан и проживал в городе Приозерск. Ушел из жизни в 2010 году в возрасте 100 лет. Потомки Калман ата – 10 детей, 39 внуков, 105 правнуков и 10 праправнуков.



Қалалық мәслихат хатшысы Е. Омаровтың Қ. Жанқараевқа
«10 жыл Астана» медалін тапсыру сәті, 2008 жылғы маусым

Вручение медали «10 лет Астана» Джанкараеву К. секретарем
городского маслихата Е. Омаровым, июнь 2008 года



Қ. Жанқараев қызы Тынымгүл және күйеу баласы Мұхтармен

Джанкараев К. с дочерью Тынымгуль и зятем Мухтаром



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Зябчук Василий Иванович**
**1926–2009**

Зябчук Василий Иванович – 16 қазан 1926 жылы Семей облысы, Үржар ауданы, Аксаковка ауылында үй шаруасындағы Александра Филиповна мен партия комитетінің хатшысы Зябчук Андрей Афанасьевичтің отбасында дүниеге келген. 1934 жылы Аксаковка ауылындағы бірінші сыныпқа барған ол, 8 жылдық мектепті Ириновка ауылында аяқтайды. Бұлардың отбасы көп балалы болатын. Екі қарындасы мен інісі болды. Ол ең үлкені болғандықтан, әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмаған. Оның еңбектегі алғашқы қадамы 1941 жылы басталады. Сол жылы елімізде соғыс өрті тұтанады. 1943 жылы Аягөздегі әскери бөлімге әскер қатарына алынады. Ол кезде полигонда күз бойына минометтен атудан теория және практика бойынша дайындықтары өтіп жатқан болатын.

Соғысқа 334-дивизияның құрамында 1-Прибалтика майданында қатысады. Загорск, Варшава қалаларын азат етуге атсалысты, Невель, Витебск және Полоцкіні азат етуге қатысып, Батыс Движада соғысты.

1944 жылы 1-Прибалтика майданына аттандырылады. Осы жылы Псков қаласы маңында алғаш рет жарақат алады. Владимир қаласындағы госпитальда емделеді. Жарақаты жазылып шыққан соң, 2-Белорус майданындағы 16-танк бригадасына жіберілген. Варшава маңындағы соғыста екінші рет жарақаттанады. Жеңіс күнін Горький қаласындағы госпитальда отадан шыққаннан кейін, 9 мамырда күтіп алады. 1945 жылғы тамыз айында мүгедектігіне байланысты комиссиядан өтіп, өзінің Отаны Қазақстанға оралады. Еңбек жолын өзінің туған ауылы Аксаковкада 1960 жылға дейін жалғастырған. 1947 жылғы желтоқсан айында 1927 жылы туған Смолягина Анна Михайловнаға үйленеді. Онымен 1997 жылғы алтын тойларына дейін ұзақ та, бақытты өмір сүреді. Ал 1998 жылы жұбайы ұзаққа созылған ауыр науқастан дүние салады. 1960 жылы денсаулық жағдайына байланысты Балқаш қаласына көшіп келеді және Балқаш тау-кен комбинатында 1985 жылға шейін еңбек етеді. 2001 жылы Приозерск қаласында тұратын қызы мен немерелеріне қоныс аударады.

Василий Иванович пен оның жұбайы Анна Михайловна ұлы мен қызын тәрбиелеп, өсірді. Олардан 4 немере мен 4 шөбере көрді.

Василий Иванович соғыс уақытындағы ерліктері мен бейбіт кездегі еткен ерен еңбектері үшін 1-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Украинаны фашистерден азат еткені үшін», «Астананың

10 жылдығы», барлығын қосқанда жалпысы 15 шақты медальмен марапатталған.

В.И. Зябчук 2009 жылғы 26 қарашада 83 жасында өмірден өтті.

---

**Зябчук Василий Иванович** родился 16 октября 1926 года в селе Аксаковка Урджарского района Семипалатинской области в семье домохозяйки Зябчук Александры Филипповны и парторга Зябчук Андрея Афанасьевича. В 1934 году пошел в первый класс школы в селе Аксаковка, а 8-летку окончил в селе Ириновка.

Семья была многодетной, кроме него, были еще 2 сестры и брат. Так как он был старшим, то возможности учиться не было. И его трудовая деятельность началась в 1941 году. В этот год началась война. В 1943 году призвали в армию в войнскую часть Аягуза, где в то время располагался полк. На полигоне проходил подготовку по освоению теории и практики стрельбы из минометa.

В боевых действиях участвовал на 1-ом Прибалтийском фронте в составе 334 дивизии, освобождал города Загорск, Варшаву, участвовал в обороне гг. Невель, Витебск и Полоцк, воевал на Западной Движе.

В 1944 году был отправлен на 1-ый Прибалтийский фронт.

В этом же году под г. Псковом получил свое 1-ое ранение. Лечился в госпитале г. Владимира. После лечения был направлен в 16 танковую бригаду 2-го Беларусского фронта. Под Варшавой получил 2-е ранение, день Победы 9-го мая встретил сразу после операции в госпитале города Горький. В августе 1945 года был комиссован по инвалидности и вернулся в Казахстан на родину. Трудовую деятельность продолжал в селе Аксаковка до 1960 года. В 1947 году, в декабре женился на Смолягиной Анне Михайловне 1927 года рождения, с которой прожил в счастливом браке до золотой свадьбы, до декабря 1997 года, а в 1998 году после продолжительной болезни жены не стало. В 1960 году, по состоянию здоровья, переехал в город Балхаш и трудился на БГМК до 1985 года. В 2001 году переехал к дочери и внукам в город Приозерск.

Василий Иванович и его супруга Анна Михайловна воспитали сына и дочь, от них имеют 4 внука и 4 правнука.

В Приозерске проживает старший внук, военнослужащий, со своей семьей – женой и сыном, а также внучка с мужем и сыном. Василий Иванович за ратные подвиги во время войны награжден Орденом Отечественной войны 1-й степени, медалями «За день, Орденом Отечественной войны 1-й степени, медалями «За отвагу», « 60 роков взволения Украйны вот фашистьки», «10 лет Астаны» и другими юбилейными медалями, всего около 15-ти медалей.

Зябчук В.И. умер 26 ноября 2009 года в возрасте 83 лет.



В. И. Зябчук қызы Галинамен (сол жағында тұр), немересі және шөбересімен
Зябчук В. И. с дочерью Галиной (стоит слева), внучкой и правнуком



В. И. Зябчук Приозерск қаласы ардагерлер Кеңесі мүшелерімен
Зябчук В. И. с членами Совета ветеранов города Приозерск



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Иванников Павел Леонтьевич**
**1914–2007**

Ұлы Отан соғысына қатысушы Иванников Павел Леонтьевич 1914 жылы 25 қаңтарда Қырғыз елінде дүниеге келген. Соғысқа дейін әскер қатарына шақырылып, бүкіл соғысты өтті. 1943 жылы ауыр жараланып, яғни сол жақ аяғына оқ тиіп жіліншік сүйегі зақымдалды. Соғыстан кейін 1958-1996 жылдары Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Ақсүйек кентінде тұрды. Қырғыз тау-кен комбинатының шахтасында жұмыс істеді, содан кейін денсаулық жағдайы бойынша күзет агенттігіне ауысты. 1996 жылы Приозерск қаласына көшіп келді, онда қызы Решетарь Нина Павловнаның отбасымен бірге тұрды. 2007 жылы 12 наурызда 93 жасында қайтыс болды.

---

Участник Великой Отечественной войны Иванников Павел Леонтьевич родился 25 января 1914 года в Киргизии. Еще до войны был призван в ряды армии, прошел всю войну. В 1943 году был тяжело ранен, получил пулевое ранение левой голени с повреждением кости. После войны с 1958 по 1996 гг. жил в поселке Аксуйек Мойынкумского района Джамбулской области. Работал на шахте Киргизского горно-рудного комбината, затем по состоянию здоровья перешел в охранное агентство. В 1996 году переехал в г. Приозерск, где проживал с семьей дочери Решетарь Нины Павловны. Умер 12 марта 2007 года в возрасте 93 лет.





**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Карташов Иван Васильевич**
**14 .10. 1920**

**Карташов Иван Васильевич** 1920 жылы 14 қазанда Алтай өлкесінің Рубцовское қаласында туған. Соғыс басталғанға шейін Күршім МТС-інде тракторшы болып еңбек жолын бастаған. 1940 жылдың қазан айында Хабаровск қаласындағы 11-жеке инженерлік аэродром батальонына әскерге алынады. Жапониядағы соғысқа қатысқан. Соғысты 1946 жылғы тамыз айында Оңтүстік Сахалинде аяқтайды. 1946 жылы Күршім ауданына оралып, тракторшылар бригадасында бригадир болып қызмет еткен. 1960 жылдан 1975 жылдар аралығында комбайыншы болып істеп, кейінірек вулканизатор болып ауысады. 1980 жылы зейнетке шыққан. Марапаттары: «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» және мерейтойлық медальдары.

**Карташов Иван Васильевич** родился 14 октября 1920 г. в г. Рубцовске Алтайского края. До войны работал трактористом в Курчумском МТС. В армию призван в октябре 1940 г. в 11-й отдельный инженерно-аэродромный батальон в г. Хабаровске. Воевал в Японии. Войну закончил в Южном Сахалине в августе 1946 г. и вернулся в Курчумский район, где работал бригадиром тракторной бригады. С 1960 по 1975 гг. работал комбайнером, а затем вулканизатором. В 1980 году вышел на пенсию. Награды: орден Отечественной войны II степени, медаль «За победу над Японией», юбилейные медали.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Кубеева (Латипова) Аймереке Бекболатовна**
**1927–2017**

Неміс-фашист басқыншыларының тұтқиылдан бастаған әділетсіз соғысы елімізді шарпыған тұста Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласының тумасы, әлі тұлымшағы желбіреген өрімдей қыз Латипова Аймереке Бекболатқызы небәрі он төрт жастағы қыз бала болған. Ол 1927 жылдың 5 қыркүйегінде қарапайым қазақ отбасында дүниеге келді. Бойжетіп те үлгермеген Аймерекені бүкіл елдің басына үлкен қасыретімен келген қиыншылық бейжай қалдырмады.

Мектепті бітірісімен Мәскеу қаласына оқуға түседі. Міне, осында жүргенде ғана оның бала қиялындағы еліне қызмет етуді қалаған, көмек қолын созуды көксеген арманына қол жеткізудің сәті түседі. Ол бірнеше рет өз еркімен әскерге алынуын сұранады. 1942 жылы Мәскеу әскери комиссариатынан майданға сұранған өтініші қанағаттандырылып, әскер сапына алынады. Біраз уақыт әскери дайындықтан өткен соң, аттандап, аласұрып келген жауды жеңуге деген құлшынысы оның жігерін қайрап, жаумен шайқасуға кірісіп кетеді. Осылайша Аймереке Латипова жаумен шайқасуға Сталинград майданындағы 08705 әскери бөлімінің құрамында ұрысқа түседі.

Бұл сәт – қоршауда қалған Сталинград қаласында қырғын соғыс әрбір үй, әрбір шаршы метр үшін жүріп жатқан кез болатын. Сырттан қалаға көмек көрсету өте қиын. Себебі қала толық басқыншылардың қоршауында. Сондықтан әскери басшылардың ұйғарымымен еріктілерден арнайы отряд ұйымдастырылып, Волга өзенінің сол жағалауымен қалаға көмек жасырын жіберілген. Осынау отрядтың ішінде қазақтың қайсар қызы Аймереке байланысшы болған. Тапсырманы ойдағыдай орындағандары үшін басқалармен бірге Аймереке де өзінің ең бірінші «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін омырауына қадаған.

Сталинград майданында жүрген кезінде жоғарғы басшылық оны Грозный қаласындағы кіші офицерлерді дайындайтын аз мерзімдік курсқа жібереді. Оқуды бітіріп келгеннен кейін Аймереке Латиповаға кіші лейтенант шені беріледі. Арадан көп уақыт өтпей, ержүрек қыз өз өтініші бойынша атқыштар ротасына ауысады. Бұл ротаның командирі алматылық Сералы Көбеев болатын. Екеуі танысқаннан кейін қазақстандық жерлестер екенін біліп, қатты қуанысады. Сөйтіп, болашақтағы ерлі-зайыптылар майдан даласында осындай жағдайда кездеседі.

Аймереке атқыштармен бірге дайындықтан өтіп жүрген күндердің бірінде рота тұрған жердің жанындағы Боровка теміржол стансасына эшелон келіп, одан азық-түлікті түсіріп алу жұмысына қатысады. Бірақ, тосыннан ұшып келген жау самолеттерінің бомбалауы басталып, бұлар көп шығынға ұшырайды. Адамдарды түгендеу кезінде не жараланғандардың, не өлілердің арасында Аймереке болмай шығады. Достары іздеу салып, қарап жүрсе, бір құлаған вагонның астында шалажансар күйде жатқан Аймерекені тауып, босатып алады. Оған жедел көмек көрсетіліп, емдеуге Корестень қаласындағы гопитальға емдеуге аттандырады.

Жарақатының ауырлығы сондай, оны сауығып, адам қатарына қосылады деп ешкім де ойламаған. Госпитальда емдеу шаралары да қиын өтеді. Себебі, денесіндегі кейбір жарақаттарды сылып алып тастап, орнына жаңадан адам терісі мен етін тігу керек болатын. Сәті түскенде, гопитальда емделіп жатқан Володя Якупов деген өзбек жігіті дәрігерлерге өз денесінен, екі сан етінен ет кесіп алып, Аймерекеге жамауға рұқсат етеді. Біраз уақыт госпитальда емделіп, сауыққан ол алты айдан кейін өз ротасын тауып, жауынгер достарына қайтадан қосылады. Өзінің өміріне арашашы болған Володя Якуповпен біраз уақытқа шейін хат алысып тұрады. Кейінірек оның хат жазуы тоқтап қалғанда, рота командирінен Володяның ерлікпен қаза тапқанын естіп, қатты қайғырады.

Аймереке Көбееваның естеліктерінің ішінде бір таң қаларлығы, осы кезге дейін көпшілікке белгісіз болып келген оқиға, оның майдан даласында қазақтың даңқты батыр қызы, сұрмерген, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұловамен кездескен сәті.

Кеңес Одағы армиясының жаудың бетін қайтарып, батысқа қарай шабуылды бастауды жүргізіп жатқан 1943 жылдың жазы болатын. Рота Украина мен Ресейдің шекарасы өтетін жеріндегі бір қалың орманның ішіне келіп орналасады. Аймерекенің жанындағы құрбысы Анна Филатова таяу күндері осы жерде әскери тапсырмамен болғанын, көршілес тұрған атқыштар полкінде өздері қатарлы жас қыздармен танысқанын, олардың арасында Әлия деген қазақ қызының бар екенін айтады. Аймереке бұл әңгімені естігесін, Аннамен бірге командирінен сұранып көрші полкқа барады. Тігулі шатырлардың бірінің ішінде орналасқан қыздарға барып, танысады. Аймерекенің батыр қыз Әлиямен кездесуі осылайша азғана уақытқа созылған. Кездесу кезінде Әлия Аймерекеге: «Сіңілім, егер аман-есен соғысты бітіріп, елге оралсақ, Ақтөбе қаласының Ленин көшесінде бір-бірімізді тауып алайық. Ал, басқадай жағдай болып жатса, қай-қайсымыз болсақ та елге сәлем айтуды ұмытпайық», – деп, Аймерекенің бетінен сүйіп қоштасқан. Арадан біраз уақыт өткенде, Аймереке әскери поштамен келген газеттердің арасынан Әлия Молдағұлованың Псков облысындағы Казачиха елдімекені үшін болған шайқаста 1944 жылдың 14 қаңтарында ерлікпен қаза тапқанын оқып, қатты қайғырады.

Аймереке Латыпованың жоғарыда көрсетілген басқа майдан жолындағы ерлік істері «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен және «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендері, ҰОС-ның жеңіспен аяқталғанына 20, 30, 40, 50, 60 жылдық мерейтойлық медальдармен марапатталған. Үш жылдай қанды соғыстың ортасында болған Аймереке 1945 жылдың 9 мамырын бүкіл кеңес халқының, Қызыл Армияның жауды неміс басқыншыларын жеңіп азат еткен күнін Люксимбург қаласында жауынгер достарымен бірге қарсы алады.

Соғыс біткен соң Аймереке Латипова өзінің өскен қаласы Ақтөбеге келеді. Қала тұрғындары өздерінің жерлестерін – батыр қыздарын үлкен қошеметпен қарсы алады. Жасы он сегізге жаңа ғана толған бойжеткеннің бейбіт өмірдегі жарқын болашағы өз есігін оған айқара ашады. Осылай өтіп жатқан күндердің бірінде, қалалық әскери комиссариатта қызмет істеп жүрген Аймерекені іздеп, майданнан бұрынғы командирі Сералы Көбеев келеді. Соғыс

уақытында әскери блиндажда бірге жүрген қандыкөйлек жауынгерлер енді бейбіт өмірде қайта кездесіп, ата жолымен некелерін қидырып, өз алдарына отау тігеді және бейбіт шақтағы жұбайлық өмірлерін жалғайды. Осыдан басталған Аймереке және Сералы Көбеевтердің жарқын да бақытты өмірлері 1973 жылға дейін жалғасады. Өкінішке орай, соғыста алған көптеген жарақаттарының кеселінен жан жары Сералы дүние салады. Алайда, артында тұяқ боп екі қыз бен ұлы Спандияр қалды. Бүгінде балаларының бәрі өз алдарына бір-бір шаңырақ иелері атанып, түтіндерін тік ұшырып отыр. Бұл екеуінен қазірде 19 немере, 15 шөбере бар. Аймереке апа 2017 жылы қайтыс болды.

---

Рядовой **Кубеева (Латипова) Аймереке Бекболатовна** 09.05.1927 года рождения, родилась в г. Уральск Западно-Казахстанской области.

В 1942 году, закончив 10 классов железнодорожной школы г. Актюбинска, поступила в политехническое училище в г. Москве (по специальности «Горный инженер»), где проучилась 6 месяцев, после окончания пошла добровольцем на фронт.

Добровольцем попала на Сталинградский фронт через Московский военкомат.

В составе действующей армий (в/ч 08705 «я») принимала участие на Сталинградском фронте, Украинском, на 2-ом Белорусском фронте, на Брест-Литовском фронте. Воевала вместе с Героем Советского Союза Алией Молдагуловой, была пулеметчицей зенитной артиллерии 10-ой батареи 1873-го зенитно-артиллерийского полка, в Сталинграде была разведчицей в разведроте, после 3-го ранения попала в 250-ый восстановительный поезд связи РККА.

С 17.06.1942 года по 02.02.1943 год находилась в составе действующей армии и участвовала в Сталинградской битве, в обороне Кавказа. Освобождала Киев, Ростов-на-Дону, Константинополь, Владимир-Волынский, Воронеж, Ровно, Коростень-Подольский, Восточную Пруссию в составе кавалерского полка. Участвовала в операции «Эдельвейс» на Кавказе. Была демобилизована в 1945 году.

В 1947 году в г. Актюбинск закончила трехмесячные курсы учителей русского языка и литературы и устроилась на работу учителем начальных классов.

Награждена медалями «За отвагу», «За боевые заслуги» (2 раза), «За доблестный труд в ВОВ», «За победу над Германией», «40 лет Победы», «50 лет Победы», «60 лет Победы».

Решением городского маслихата № 10/66 от 20.08.2012 г. Кубеевой Аймереке присвоено звание почетного гражданина города Приозерск.

Ее военной биографией можно только восхищаться – участие в Сталинградской битве, в операции Эдельвейс на Кавказе, в боях за освобождение Киева и Восточной Пруссии.

И все же ее заслуги меркнут перед подвигом Алии Молдагуловой, считала сама Аймереке Кубеева. Легендарная Алия Молдагулова и ветеран войны, ныне жительница Приозерска Аймереке Кубеева познакомились случайно, позже стали подругами. Девушки случайно познакомились, будучи на фронте, позже выяснилось, что обе родом из Актюбинска. Землячки быстро сдружились и даже договорились после войны встретиться в родном городе, вспоминала Аймереке апай.

Аймереке Кубеева, ветеран Великой Отечественной войны:

– Я была вместе с Алией на войне, и она там погибла. Помню, как, уходя на бой, она спрашивала меня: «Аллочка, ты не боишься, а я очень боюсь. Если не сегодня, так завтра мы все равно погибнем».

Они провели вместе совсем немного времени, но стали как родные сестры. Может из-за схожести судеб? Обе рано потеряли родителей и росли в детском доме. Героизма молодой пулеметчице Аймереке Кубеевой было не занимать, как и ее легендарной землячке. Об это свидетельствуют многочисленные медали, три ранения,

служба в составе зенитной артиллерии, разведке. Закаленный войной характер 87-летняя Аймереке апай демонстрировала и в мирное время, так как до последних своих дней являлась главным авторитетом в своей большой семье.

Жанар Бабылышева, родственница, говорила:

– Мы берем пример с бабушки, она очень мудрая женщина. Мы гордимся ею, желаем ей крепкого здоровья. Благодаря таким, как она, мы сегодня живем в мире и согласии.

Участница войны со своей многочисленной семьей много лет жила в Приозерске. Несмотря на свои без малого 90 лет, она активно участвовала в работе местного Совета ветеранов. Говорила, пока силы есть, надо рассказывать о той войне. Пока свежа память о том прошлом, такое не повторится, была убеждена Аймереке Кубеева.

В московской гимназии № 402, носящее имя Героя Советского Союза Алии Молдагуловой, есть школьный музей, представляющий собой два зала с экспозициями, посвященными казахской культуре, истории Великой Отечественной войны, а также личности и судьбе Алии Молдагуловой, коротком и ярком жизненном пути выдающейся дочери казахского народа.

Среди экспонатов музея – редкие фотографии Алии, ее письма, а также переданные ее однополчанами вещи, например, гимнастерка, в которой однополчанка и землячка Героя Советского Союза Аймереке Кубеева дошла до Берлина.

Умерла в 2017 году.



Оң жақта немересі Салтанат, келіні Света, ортада Аймереке апа немересі Құттымұратпен, сол жақта жиені Роза. Нүкіс қаласы, 1988 жыл



Көбеева А. Б.




Аймереке апа жас жеткіншектермен
Аймереке апай среди школьников



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Махамбетшин Балтабек**
**1923–2005**

Ұлы Отан соғысына сол кездегі Қазақстан КСР-і өлшеусіз үлес қосқаны бізге тарихтан белгілі. Соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ елімізде арнайы атақты панфиловшылар гвардиясы ұйымдастырылып, оған 18 жас пен 30 жас арасындағы арда азаматтарымыз тартылған.

Соғысқа алғашқы толқын сол 1941 жылы-ақ аттандырылса, майданға әскер алу науқаны соғыс біткенше үздіксіз жалғасып отырды. Сондай азаматтың бірі – Махамбетшеұлы Балтабек.

Балтабек Махамбетшин 1923 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы 7 ауыл советіне қарасты Қарғалы колхозында туған. Әкесі ауыл шаруашылығында жұмысшы болды. 1933 жылы әкесі өмірден өтеді. Әкеден жас үш бала жетім қалған. Өзі 9 жаста, қарындасы Несібелі 6 жаста, інісі Оңғарбек 2 жаста қалып, анасы Орынтайдың тәрбиесінде болып, әкелерінің жоқтығын білдірмей шешелері 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан жылдан аман алып шыққан. 10 жасында мектепке барып, 17 жасқа дейін оқу оқып, орта мектепті бітіріп шығады. Балтабек Махамбетшин 1942 жылы Совет Армиясының қатарына алынып, Отанды қорғауға жас шағында барған. Содан кейін Украин майданын басқарған Кеңес Одағының маршалы Конев армиясының гвардия атқыштар двизиясының 43 полк 3 баталонының жетінші ротасының 2 взодында болып, Кавказ жері мен Сталинградты қорғауға соғысқа кіріп, қантөгіс майданға араласқан. Совет үкіметінің көптеген аймағын басып алып келе жатқан неміс басқыншыларына қарсы, Сталиннің берген «Артқа емес» «Алға» деген бұйрығымен каруланған совет армиясы немістің бірнеше қаруланған әскерін тұтқынға алып, Сталинград пен Кавказ жерінен немістің бетін қайырған соғыста болып, оң қолынан жеңіл жарақат алады. Осы беті қайтқан соғыстан неміс басқыншылары қайта артына қарай алған жоқ. Содан бастап жаудың басып алған жерлері Ресей, Украина, Молдова Республикаларының қалалары, Сталинград, Мурманск, Курск, Харков, Кишинев, тағы басқа бірнеше қалалары мен поселкелерін, шет мемлекеті Румыния, Венгрия, Болгария жерлерінің қалалары Бухарест, Будапешт, Софияны, тағы басқа бірнеше қаласы мен поселкелерін азат етуге атсалысқан. Осы соғысқа қатысқан және көрсеткен ерліктері үшін Совет үкіметінің жоғары награда ордендерімен бірнеше рет марапатталады.

Соғыс өртінің астында үш жыл болып, ата-бабамыз айтқандай, қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, ажалсыз тірі қалады дегендей, сол соғыстан Алла сақтап аяқ-қолдан жеңіл жараланып, оң жақ көзден ауыр жараланып, 1946 жылы желтоқсан айында туған жеріне оралған. 1938 жылы комсомол қатарына өткен. 1947 жылы партия қатарына өтеді. Колхоз, совхозда үлкенді-кішілі қызмет атқарып, ауыл шаруашылығында 45 жыл жұмыс істейді. Дәлила есімді өмірлік жолдасы 1990 жылы дүниеден өтеді. Зайыбы екеуінен екі қыз, бір ұлы бар. Осы балаларынан туған немере, шөберелері өсіп келеді.

---

Из истории известно, что в то время Казахская ССР внесла огромный вклад в Великую Отечественную войну. С первых дней войны в нашей стране была организована гвардия панфиловцев, в которой были задействованы многие граждане в возрасте от 18 до 30 лет и старше. Один из них – Махамбетшин Балтабек. Он родился в 1923 году в колхозе Каргалы Шетского района Карагандинской области. Его отец работал в сельском хозяйстве, 1933 году он умирает. Таким образом трое детей остались сиротами. Балтабеку к тому времени было 9 лет, сестренке Несибели 6 лет, младшему брату Онгарбеку 2 года.

В 10 лет Балтабек пошел в школу, учился до 17 лет. Закончив среднюю школу, вместе с матерью начал работать с юного возраста, познавая все тяготы сельскохозяйственного труда того времени.

В 1942 году Балтабек Махамбетшин был зачислен в ряды Советской Армии, а в 19 лет отправился защищать Родину. Он служил в 2 взводе 7 роты 3-го батальона 43 полка дивизии Маршала Советского Союза Конева, возглавлявшего Украинский фронт, участвовал в кровоплитных боях за освобождение Кавказа и Сталинграда. В боях был ранен в правую руку и ногу. Махамбетшин также участвовал в боях за освобождение земель и городов России, Украинской, Молдавской республик, в боях за Сталинград, Мурманск, Курск, Харьков, Кишинев и многие другие города и поселки. Участвовал в боях за Бухарест, Будапешт, Софию и другие города Европы. За проявленное мужество в боях, за отличное выполнение заданий и образцовую службу был награжден медалями и орденами. Был тяжело ранен в боях впоследствии потерял зрение правого глаза. Махамбетшин, прослужив в рядах Советской армии, вернулся домой в декабре 1946 года.

С 1938 года был комсомольцем, в 1947 году вступил в ряды Коммунистической партии. Работал в колхозе, затем в совхозе на разных должностях, в целом в сфере сельского хозяйства проработал 45 лет. Работал производственным бригадиром, заведующим фермой, заместителем председателя колхоза, более 10-ти лет возглавлял партийные ячейки.

Махамбетшин Б. прожил жизнь, трудную военную и послевоенную, но ведь мог, как и многие его товарищи, погибнуть в одном из боев, а он остался в живых, старался работать и за тех, кто не пришел с фронта.

Со своей супругой Далилой вырастил троих детей – двоих дочерей и сына. Светлую память о своем семейном герое бережно хранят дети, внуки и правнуки.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Мозгачев Борис Сидорович**
**1924–2010**

**Мозгачев Борис Сидорович** 1924 жылы 2 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының Островка ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі 30-шы жылдары хабарсыз кеткен, анасы 7 баласымен жалғыз қалған. Анасы балаларының бәрін тәрбиелеп өсіріп, ел қатарына қосты. 1942 жылы Мозгачев Борис Сидорович әскер қатарына шақырылады. 337 атқыштар полкінде дайындық курсын өтіп, 151 атқыштар полкінде шоферлік оқуды оқиды. Соғыс кезінде 122 атқыштар полкінде шофер болып қызмет етті. Жарақат алып, контузиясы өмір бойы қалды. «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. 1947 жылы әскерден қайтты. Үйленді. 1947 жылдан бастап металлургия өнеркәсібі министрлігінің Қырғыз комбинатында жұмыс істеді. 1954 жылы алқаптарға арналған суару жүйесінің құрылысына қатысты. Сол жылы туған жері Солтүстік Қазақстан облысына көшіп келді. Тың жерлерді игеруге қатысты. 1966 жылдан 1985 жылға дейін ҚР ҚМРК Шығыс кен басқармасында электровоз машинисі болып жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысына қатысқандары үшін мерейтойлық медальдар мен құттықтаулары бар. «3 дәрежелі Шахтерская слава» орденімен марапатталған. «Еңбек ардагері», «Құрметті кенші» атақтары бар. Ол сүйікті жар, қамқор әке, немерелеріне ақылман ата болды. 2010 жылдың 10 қыркүйегінде өмірден өтті.

---

**Мозгачев Борис Сидорович** родился 2 мая 1924 года в селе Островка Пресновского района Северо-Казахстанской области в многодетной семье. Отец в 30-е годы пропал без вести, мать осталась одна с 7-мью детьми. Она всех вырастила, воспитала и подняла на ноги.

В 1942 году Мозгачева Бориса Сидоровича призвали в армию. Прошел курсы в 337 стрелковом полку, затем в 151 стрелковом полку обучался на шофера. Прошел войну в 122 стрелковом полку шофером. Был ранен, и контузия осталась на всю жизнь. Награжден медалью «За победу над Германией».

В 1947 году вернулся с войны. Женился. С 1947 года работал в Киргизском комбинате Министерства Металлургической

промышленности. В 1954 году участвовал в строительстве оросительной системы для полей. В этом же году переехал на родину Северо-Казахстанскую область. Участвовал в освоении целинных земель. С 1966 года по 1985 год работал машинистом электровоза в Восточном рудоуправлении КГРК. Где бы он не работал, везде пользовался уважением. За участие в ВОВ к памятным датам имеет юбилейные медали и поздравления. Награжден орденом «Шахтерская слава 3 степени». Имеет звания «Ветеран труда», «Почетный горняк». Был заботливым и любящим мужем, отцом и дедушкой. Умер 10 сентября 2010 года.



Б.С. Мозгачевтың жас кезі. Мозгачев Б.С. в молодости



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Морозов Иван Павлович**
**1925–2017**

Қазақта «Ел басына күн туса, ер тобықтан саз кешер, ат ауыздықпен су ішер» деген мақал бар. Яғни, соғыс бола қалған жағдайда ең алдымен ер-азаматтар қолдарына қару алып, майданға аттануы тиіс деген сөз. Сондай жігіттің бірі Морозов Иван Павлович десек артық айтқанымыз емес.

Сол кездегі Қазақ КСР-і Жамбыл облысы, Қордай ауданының Благовещенка селосында 21.10.1925 жылы дүниеге келген.

Соғыс басталғаннан кейін араға бір жыл салып, 1942 жылы Қордай аудандық әскери комиссариатынан соғысқа аттанған. Заң бойынша алғашқы әскери дайындық дәрістерін алғаннан кейін, 13.01.1943 жылдан сол жылдың мамыр айына шейін 156-батыс атқыштар полкында атқыш ретінде ұрысқа қатысады. Ал, сол 1943 жылғы мамырдан бастап 1946 жылғы 40-атқыштар дивизиясында атқыштар бөлімшесінің командирі (әскери шені аға сержант) болып соғыс қимылдарына қатысқан. Әрине, бұл кезде соғыс аяқталғанымен, кейбір дивизиялар әлі де ұрыс қимылдарына дайын тұрып, қорғаныс шараларына аса мән бергені белгілі. Сондықтан Иван Павлович те осы майданның бел ортасында жүрген екен.

Наградалары: «Жапонияны жеңгені үшін» медалі, 2-дәрежелі Отан соғысы ордені, «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» медальдары, «1941-1945 ж.ж. Соғыс ардагері» төсбелгісі. Приозерск қаласына 2007 жылы көшіп келген. 2017 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болды.

---

**Морозов Иван Павлович** – участник Великой Отечественной войны, родился 21 октября 1925 года в селе Благовещенск Курдайского района Жамбылской области.

В 1942 году, после окончания средней школы, в 17 лет был призван на фронт. Принимал участие в боях в составе 335-го отдельного батальона 156-го запасного полка Дальневосточного фронта. Сержант

Морозов Иван Павлович был командиром пулеметного расчета, воинская специальность – пулеметчик станкового пулемета «Максим». С августа по сентябрь 1945 года участвовал в Японской войне, был участником боёв в Мангжурии и Корее, закончил войну в Корее, вернулся на родину в 1948 году.

После войны работал в Шымкенской области, в казахском геологоразведочном Управлении мастером по бурению. В 1968 году переехал в поселок Мирный, работал радиометристом, ушел на заслуженный отдых 1978 году.

Награжден медалью «За Победу над Японией», орденом Отечественной Войны 2-ой степени, медалями «30 лет Победы», «40 лет Победы», «50 лет Победы», «60 лет Победы», «50 лет Вооруженных сил СССР», «60 лет Вооруженных сил СССР» «70 лет Вооруженных сил СССР», медалью «Маршала Советского Союза Жукова Г.К.» и медалью «10 лет Астаны» в 2008 году, «Значком ветерана войны 1941-1945 г.г.»

В город Приозерск переехал в 2007 году.

Умер 28 декабря 2017 года.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Москаленко Николай Варфоломевич**
**26.12.1926**

Москаленко Николай Варфоломевич 1926 жылғы 26 желтоқсанда Красноярск өлкесі, Майский ауданы, Саранино селосында туған. 1935 жылы 1-сыныпқа барып, 1940 жылы 5-сыныпты бітірген. 1942 жылы ВЗО-ға оқуға түсіп, Свердловск қаласына әскерге алынады. 1943 жылы телефоншы болып жұмыс істеп, 1945 жылдан бастап жүргізуші болып жұмыс жасай бастайды.

Кеңес Одағы Бас қолбасшысы, Кеңес Одағының Маршалы жолдас Сталиннің 1945 жылғы 4 наурыздағы № 288 бұйрығымен Н.В. Москаленко майор Лебедев және № 44720 әскери бөлімінің командирі тарапынан Колберг қаласы аумағында Балтық теңізі жағалауына шығатын Штаргард қаласының шығыс тұсындағы немістердің қорғанысын бұзып өту кезінде көрсеткен ерлігі үшін грамотамен марапатталды.  Кеңес Одағы Бас қолбасшысы, Кеңес Одағының Маршалы жолдас Сталиннің 1945 жылғы 2 мамырдағы бұйрығымен № 44720 әскери бөлімінің командирі Лебедев тарапынан «Берлинді алғаны үшін» Н.В. Москаленкоға алғыс жарияланады.

1945 жылғы 3 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 9 маусымдағы Жарлығымен Москаленко Николай Варфоломевич «Берлинді алғаны үшін» медалімен марапатталды.

Президиумының 1946 жылғы 4 сәуірдегі Жарлығымен 1945 жылғы 9 мамырда «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды. 1946 жылдың 4 желтоқсанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылдың 9 маусымындағы Жарлығымен «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен марапатталды. Көптеген мерейтой медальдары бар.

---

**Москаленко Николай Варфоломевич** родился 26 декабря 1926 года в Красноярском крае, Майском районе, селе Саранино. В 1935 году пошел в первый класс и 1940 году окончил 5 классов. В 1942 году поступил в ВЗО и призвался в армию в Свердловске, в 1943 году работал телефонистом, а в ноябре 1945 года начал работать шофером.

Приказом Верховного Главнокомандующего Маршала Советского Союза товарища Сталина от 4 марта 1945 г. № 288 Москаленко Н.В был награжден грамотой

майором Лебедевым и командиром войсковой части № 44720 за отличные боевые действия при прорыве обороны немцев восточнее г. Штаргард и выходе на побережье Балтийского моря в районе г. Колберг.

Приказом Верховного Главнокомандующего Маршала Советского Союза товарища Сталина от 2 мая 1945 командиром войсковой части № 44720 товарищем Лебедевым Москаленко Н. В. объявлена благодарность «За взятие Берлина».

Москаленко Николай Варфоломевич 3 ноября 1945 года Указом Президиума Верховного Совета ССР от 9 июня 1945 года награжден медалью «За взятие Берлина».

4 апреля 1946 года Указом Президиума Верховного Совета СССР от 9 июня 1945 года Москаленко Николай Варфоломевич был награжден медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945». 4 декабря 1946 года за участие в героическом штурме и освобождении Варшавы Указом Президиума Верховного Совета ССР от 9 июня 1945 года награжден медалью «За освобождение Варшавы».

Имеет множество юбилейных медалей.



Н.В. Москаленко полктастарымен Германияда, 1947 жыл (жоғарыдан екінші қатарда, оң жақтан үшінші)
Москаленко Н.В. с однополчанами в Германии, 1947 год (во втором ряду сверху, третий справа)



Н.В. Москаленко достарымен, 1950 жыл (оң жақтан бірінші)
Москаленко Н.В. с друзьями, 1950 год (первый справа)



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Налбандян Павел Арменакович**
**1924 - 1999**

ҰОС қатысушысы, полигон ардагері, полковник-инженер Налбандян Павел Арменакович 1924 жылы 20 тамызда Симбирск қаласында (Ульяновск қ.) қазан қадағалау инженері Налбандян Арменак Яковлевичтің отбасында дүниеге келген. Ол 1930 жылы отбасымен бірге Баку қаласындағы ірі мұнай өндіруші кәсіпорындардың біріне маман ретінде жіберілген. 1932 жылдан 1942 жылға дейін Павел Арменакович Баку қаласы № 23 орта мектебінде оқыды. 1942 жылы тамыз айында Баку зениттік артиллерия училищесіне оқуға түсті. 1943 жылдың маусымында Чкалов зениттік артиллерия училищесінің курсанты болып ауыстырылды. 1943 жылдың қыркүйек айында кіші лейтенант әскери атағын алып, майданға ӘШҚҚ 195-ші зениттік артиллериялық полкінің взвод командирі болып жіберілді. Содан кейін, 1944 жылдың қазан айында Баку армиясының 132-ші жеке зениттік-артиллериялық бригадасының взвод командирі болып ауыстырылды (армия қолбасшысы – генерал П. М. Бескровнов). Соғысты лейтенант атағында орта калибрлі 1517-ші зениттік артиллериялық полкінің взвод командирі болып бітірді. Онда 1948 жылға дейін қызмет етті. 1948 жылдың қыркүйегінен 1954 жылдың қаңтарына дейін – Харьков қаласында Кеңес Одағының Маршалы Л. А. Говоров (АРТА) атындағы артиллериялық радиотехникалық академиясының тыңдаушысы болды.

1961 жылдан Приозерск қаласында әскери қызметін жалғастырады. 06.03.1961 -29.03.1961 жылы 03080 ә/б бастығының өкімінде болды; 29.03.1961 жылы – 27.07.61 жылы 03080 ә/б үшінші топ бастығы; 27.07.1961 жылы – 25.10.1962 жылы 03080 ә/б жауынгерлік қолдану жөніндегі жедел-жоспарлау бөлімі бастығының аға көмекшісі; 25.10.1962 жылы – 11.10.1971 жылы 03080 ә/б жергілікті қорғаныс штабының бастығы; 11.10.1971 жылы – 28.04.1980 АЖЖ және ҚТ сәулеленуін зерттеу бөлімінің бастығы (қауіпсіздік техникасы); 28.04.1980 жылы денсаулығына байланысты «полковник-инженер» атағымен 03080 ә/б жеке құрамының тізімінен, ӘК кадрларынан шығарылды. Күнтізбелік еңбек сіңірген жылдары 38 жылды құрады, оның 19 жылы 03080 ә/б, яғни Сары-Шаған полигонында. «ІІІ дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және тағы 12 медальмен марапатталған. Демобилизация-

дан кейін Павел Арменакович Приозерск қаласында өмір сүрді. Полковник П.А. Налбандян 1972 жылы Приозерск қалалық Кеңесінің 13 және 15 шақырылымының депутаты болып екі рет сайланды. 1975 жылы Приозерск қаласының ҰОС және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болды. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бойынша қала мектептерінде белсенді жұмыс жүргізді. 1999 жылдың қыркүйегінде 75 жасында полковник-инженер Налбандян Павел Арменакович өмірден өтті.

Участник ВОВ, ветеран полигона, полковник-инженер Налбандян Павел Арменакович родился 20 августа 1924 года в г. Симбирске (г. Ульяновске) в семье инженера-инспектора котлонадзора Налбандяна Арменака Яковлевича, который в 1930 году вместе с семьёй был направлен как специалист на одно из крупных нефтедобывающих предприятий города Баку. С 1932 г. по 1942 год Павел Арменакович учился в средней школе № 23 Городского района г. Баку. В августе 1942 года поступил в Бакинское училище зенитной артиллерии. В июне 1943 года был переведен курсантом Чкаловского училища зенитной артиллерии в г. Чкаловск, которое успешно окончил в сентябре 1943 года, получив воинское звание младшего лейтенанта, и был направлен на фронт командиром взвода 195-го зенитного артиллерийского полка ПВО. Затем, в октябре 1944 года был переведен командиром взвода 132-й отдельной зенитно-артиллерийской бригады Бакинской Армии ПВО (командующий Армии – генерал Бескровнов П.М.) Войну закончил в звании лейтенанта командиром взвода 1517-го зенитного артиллерийского полка среднего калибра 1-й зенитно-артиллерийской дивизии Юго-Западного округа ПВО, где продолжал служить до 1948 года. С сентября 1948 года по январь 1954 года – слушатель Артиллерийской радиотехнической Академии имени Маршала Советского Союза Л.А. Говорова (АРТА) в г. Харькове.

С 1961 года продолжил службу в г. Приозерск. С 06.03.1961 по – 29.03.1961 годы в распоряжении начальника в/ч 03080; 29.03.1961 – 27.07.61 годы – начальник третьей группы в/ч 03080; 27.07.1961 – 25.10.1962 годы – старший помощник начальника оперативно-планового отдела по боевому применению в/ч 03080; 25.10.1962 – 11.10.1971 годы – начальник штаба местной обороны в/ч 03080; 11.10.1971 – 28.04.1980 годы помощник командира в/ч 03080. Начальник отдела исследований излучений СВЧ и ТБ (техники безопасности); 28.04.1980 год – исключен из списков личного состава в/ч 03080, уволен из кадров ВС по болезни в звании «полковник-инженер». Календарная выслуга составила 38 лет, из которых 19 лет – на полигоне в в/ч 03080. Награждён орденом «За службу Родине III ст.», медалями «За боевые заслуги», «За Победу над Германией» и ещё 12-ю медалями. После демобилизации Павел Арменакович остался жить в городе Приозёрске, где до конца своих дней продолжал заниматься большой общественной работой. Полковник Налбандян П.А. дважды избирался депутатом Приозёрского Горсовета 13 и 15 созывов в 1972 г. и в 1975 г., был председателем Совета Ветеранов ВОВ и труда г. Приозёрска, вёл активную работу в школах города по патриотическому воспитанию подрастающего поколения. В сентябре 1999 года в возрасте 75 лет полковник-инженер Налбандян Павел Арменакович ушёл из жизни.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Унтаков Орынбай**
**1922–2010**

Унтаков Орынбай 1922 жылдың мамыр айының 1 жұлдызында, Алматы облысы Бақанас ауданы, Балтағар совхозында дүниеге келді, ұлты қазақ. 1941 жылы 3 жылдық білімінен кейін Унтаков Орынбай еңбекке оралады. 1942 жылдың қаңтар айында Совет Армиясы қатарына алынып 3 ай Петропавл қаласындағы 44 зеңбірекшілер курсында оқып, сержант шенін алып шығады. Ржевтен басталған ұрыс Белакула, Ленинград Киев қалаларын босатумен жалғасады. 329 дивизияның құрамында 122 милиметрлік гаубица полкінде, Погорелов селосы үшін болған шайқас аса ерекшеленеді. О. Унтаков 76 мм-лік зеңбірек бөлімшесін басқарған, взвод командирінің орынбасары болған. 1942 жылы қараша айында Сталинград шайқасында болған ұрыста жақыннан жау снаряды жарылып, аяғынан ауыр жарақат алып, госпитальда жатады. Госпитальда жатқанда «Жауынгерлік қызыл ту» орденімен, «Өжеттігі үшін» медалімен және «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған. Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі.

1943 жылдың бас кезінде елге оралып, денсаулығына қарамастан еңбекке қайта араласып, ауылдық кеңес хатшылығы қызметімен айналысуға кіріскенімен, Панфилов ауылдық кеңесінің елді мекендерін атқа мініп аралауға жарамапты. Содан қолына кетпен алып, үй іргесіндегі жерді баптайды. Диханшылық кәсіпті меңгергені соншалықты, алақандай жерден жылына көп өнім алуды үйренеді. Оған құдай қосқан қосағы Мәдина және ұл-қыздары көмектескен.

2010 жылы қайтыс болды.

---

**Унтаков Орынбай** родился 1 мая 1922 года в совхозе Балтагар Баганыского района Алматинской области, по национальности казах, после 3-летнего образования в 1941 году он продолжил работу. В январе 1942 года был зачислен в ряды Советской Армии, 3 месяца учился на 44-м курсе орудия в г. Петропавловске и получил звание сержанта. Начавшийся бой от Ржева продолжается освобождением Белакула, затем Ленинграда и Киева. Воевал в составе 329 дивизий 122 мили-

метрического гаубийского полка, особо выделяется битва за село Погореловка. О. Унтаков возглавлял 76-мм орудийное отделение, был заместителем командира взвода. В ноябре 1942 года он участвовал в Сталинградской битве, во время которой от осколков взорвавшегося вражеского снаряда получил тяжелую травму ног и находился в госпитале. В госпитале был награжден орденом «Боевого Красного Знамени», медалью «За отвагу» и орденом «Великой Отечественной войны». Является инвалидом Великой Отечественной войны второй группы.

В начале 1943 года вернулся с войны, начал трудиться в секретариате сельского совета, но здоровье не позволяло разъезжать верхом на лошади в населенные пункты Панфиловского сельского совета. Затем начал заниматься земледелием. Ему помогали супруга Мадина, сын и дочь.

Умер в 2010 году.



ҚР Президенті Н. Назарбаевпен кездесу, О. Унтаков (оң жақтан төртінші), 2004 жыл
Встреча с Президентом РК Н. Назарбаевым, 2004 год, О. Унтаков четвертый справа,



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Удилов Георгий Иванович**
**1919-2018**

**Удилов Георгий Иванович** 1919 жылғы 23 ақпанда Талдықорған облысы, Андреевский ауданы, Лепсі ауылында туған. 1937 жылы мектептің 5 сыныбын бітіріп, ветеринарлық техникумда оқып білім алған. Аталған техникумды 1938 жылы бітіріп шығып, Жамбыл облысы, Қордай ауданына жұмысқа жіберілген.

1939 жылы әскерге алынған. 2-Беларус майданы, Орлово-Курск доғасы, 1-солтүстік-батыс майданында ұрысқа енген. Артиллерист, минометші, 2-оқтаушы болып соғысқан. Одан соң солтүстік-батыс майданында соғысқан. Волхованск, Ленинград облысындағы Старая Русса, Орел, Волковынск, Белосток қалаларын азат етуге қатысқан.

1945 жылы жараланып, кейін госпитальде емделгеннен соң 1-ші солтүстік-батыс майданына қайта оралып, соғысты аяқтады. Оның әскери бөлімі Свердловск қаласына келді, онда тағы бір жыл қызмет етті, 1946 жылдың 11 мамырында жараланғаннан кейін әскерден босатылды. Ол әскерде 7 жыл үзіліссіз қызмет етті.

Соғыстан кейін сүт фермасында бригадир болып жұмыс істеген. Мұнда аз уақыт жұмыс істеп, Ташкентке кетуді шешті, онда жүк поездарында кондуктор болып жұмысқа орналасты. Ол жерде 1956 жылдың көктеміне дейін жұмыс істеді.

1947-1979 жылдары әртүрлі мекемелерде жүргізуші болып жұмыс істеп, Жамбыл облысының Қордай ауданында зейнетке шыққан. 2000 жылы Приозерск қаласына көшіп келді. Отбасылы болды, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. 2 дәрежелі Ұлы Отан соғысы Орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Маршал Жуков», «Жеңіске 20 жыл», «Жеңіске 30 жыл», «Жеңіске 50 жыл», «Жеңіске 60 жыл» медальдарымен марапатталған.

2018 жылдың 27 тамызында 99 жасында қайтыс болды.

---

**Удилов Георгий Иванович** – участник Великой Отечественной войны, родился 23 февраля 1919 года в селе Лепсинск Андреевского района Талдыкорганской области. В 1937 году закончил 5 классов школы и поступил в ветеринарный техникум, окончил

техникум в 1938 году и был направлен на работу в Курдайский район Джамбульской области.

В 1939 году был призван в армию, отслужил 2 года. С первых дней войны был направлен на фронт в артиллерийский полк. Воевал на 1-ом Северо-Западном фронте, на Орловско-Курской дуге, на 2-ом Белорусском фронте. Был артиллеристом, минометчиком, заряжающим 2-м номером. Освобождал город Бобруйск, Белосток, Орел, Волхованск, Старая Русса Ленинградской области. В 1945 году был ранен, после лечения в госпитале вернулся в 1-ый Северо-Западный фронт, где и закончил войну. После их часть прибыла в город Свердловск, где прослужил еще один год и 11 мая 1946 года, после ранения, был демобилизован. Всего он прослужил в армии 7 лет без перерыва. После работал бригадиром молочной фермы в совхозе. Поработав не долго, решил уехать в Ташкент, там устроился на работу кондуктором на грузовых поездах. Там проработал до весны 1956 года. Решил вернуться на родину в Курдайский район Джамбульской области. Сразу устроился на работу водителем на скорую помощь. Так работал в совхозе до 1980 года. В 1980 году вышел на пенсию. В 2000 году переехал в город Приозерск. Был женат, от брака имеет 3 дочерей.

Награжден Орденом Великой Отечественной войны 2 степени, Медалью «За Победу над Германией», «За отвагу», «За боевые заслуги», Медалью маршала Жукова, «20 лет Победы», «30 лет Победы», «50 лет Победы» «60 лет Победы». Объявлена благодарность за освобождение городов Орел, Волковынск, Белосток.

Умер 27 августа 2018 года в возрасте 99 лет.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Халявченко Мария Ивановна**
**1924–2005**

**Халявченко Мария Ивановна** 1924 жылы 11 қаңтарда Воронеж облысында дүниеге келген. М.И. Халявченко 1942 жылдың сәуірінде Воронеж облысы, Грибановск АӘК арқылы әскерге шақырылады. Соғыс кезінде әуе қорғанысы 7-ші корпусының 4 полкінің құрамында бөлімше командирі болып қызмет етіп, сержант шеніне дейін жетті. Екінші Украина майданының ұрыстарына қатысты. 1944 жылы үздік әскери қызметі үшін «За боевые заслуги» медалімен наградталды. Соғыстан кейін сауда саласында жұмыс істеді. 1990 жылдардан бастап өмірінің соңына дейін Приозерск қаласында тұрды. 2005 жылдың 18 маусымында қайтыс болды.

---

**Халявченко Мария Ивановна** родилась 11 января 1924 года в Воронежской области. Халявченко М. И. в апреле 1942 года была призвана в армию Грибановским РВК Воронежской области. Во время войны служила командиром отделения в составе 4 полка ВНОС 7 корпуса ПВО, дослужилась до звания сержанта. Воевала на Втором Украинском фронте. В 1944 году за отличную боевую службу награждена медалью «За боевые заслуги». После войны работала в сфере торговли. С 1990-х годов жила в городе Приозерск. Умерла 18 июня 2005 года.



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Чернев Василий Алексеевич**
**1923–2000**

Ұлы Отан соғысының ардагері Чернев Василий Алексеевич 1923 жылғы 25 қазанда Қырғыз КСР-і Ново-Вознесенский ауданы, Советское селосында туған.

1942 жылы Пржевальск аудандық әскери комиссариаты жанындағы әскерге шақырту комиссиясы арқылы міндетті әскери қызметке алынған және әскери бөлімге жіберілген.

Міндетті әскери қызмет өткен жерлері: 1942 жылдың қыркүйегінен 1943 жылдың мамырына дейін – 156 ЗСП, курсант, саптық бөлімше командирі. 1943 жылдың мамырынан 1945 жылдың желтоқанына дейін – 405-саптық полкта саптық бөлімше командирі. 1945 жылдың желтоқсанынан 1946 жылдың қыркүйегіне шейін – 530 жылжымалы дала госпиталінде старшина. 1946 жылдың қыркүйек айынан 1947 жылғы мамырға дейін – 621-миномет полкы, танкке қарсы қару командирі. Сержант. Әскери-тіркеу мамандығының атауы: танкке қарсы артиллерияның артиллерисі. Украинада соғысты, Қиыр Шығыстағы Жапониядағы соғысқа қатысты.

Соғыстан кейін Киевте аз уақыт кровельщик болып жұмыс істейді. 1949 жылдың тамызынан бастап алдымен Қырғызстандағы Мин-Куш поселкесіндегі Қырғыз таукен комбинатындағы орташа машина құрастыру жүйесінде, кейін 1961 жылдан бастап Жамбыл облысы, Ақсүйек поселкесіндегі Шығыс кен басқармасында жұмыс істейді. Жер асты жағдайында откатчик, крепельщик, забойщик, проходчиктер бригадирі болып жұмыс атқарған. 1979 жылы зейнетке шыққан. 1997 жылы Қарағанды облысының Приозерск қаласына көшіп келген.

Ұлы Отан соғысының қатысушы ретінде мерейтойлық естелік медальдармен марапатталған: «Еңбек ардагері»; «КСРО Қарулы Күштеріне 50, 60, 70 жыл»; «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске жиырма жыл»; «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл» белгісі; «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске отыз жыл»; «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қырық жыл»; «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске елу жыл»; «2-дәрежелі Отан соғысы Ордені»; «Кеңес Одағының маршалы Г.К. Жуков медалі»; Жеңістің 55 жылдық құрметіне «1941-1945 ж.ж. Соғыс ардагері» белгісі.

2000 жылғы 15 қазанда дүниеден өтті.

**Чернев Василий Алексеевич** родился 25 октября 1923 года в селе Советское Ново-Вознесенского района Киргизской ССР.

В сентябре 1942 года призван на действительную военную службу призывной комиссией при Пржевальском районном военном комиссариате и направлен в часть. Прохождение действительной военной службы: с сентября 1942 года по май 1943 года – 156 ЗСП, курсант, командир строевого отделения. С мая 1943 года по декабрь 1945 года – 405 стр.полк, командир стр. отделения. С декабря 1945 года по сентябрь 1946 года – 530 полевой передвижной госпиталь, старшина. С сентября 1946 года по май 1947 года – 621 минометный полк, командир противотанкового орудия. Сержант. Наименование военно-учетной специальности: Артиллерист противотанковой артиллерии. Воевал на Украине, принимал участие в войне с Японией на Дальнем Востоке. После войны недолго работал в Киеве кровельщиком. С августа 1949 года работал в системе Киргизского горнорудного комбината среднего машиностроения сначала в п. Мин-Куш в Киргизии, затем, с 1961 года в Восточном рудоуправлении поселка Аксуйек Джамбульской области. Работал в подземных условиях откатчиком, крепильщиком, забойщиком, бригадиром проходчиков. В 1979 году вышел на пенсию. В 1997 году переехал в г. Приозерск Карагандинской области. Как участник Великой Отечественной войны был награжден памятными юбилейными медалями: «Ветеран труда»; «50 лет Вооруженных Сил СССР», «60 лет Вооруженных Сил СССР», «70 лет Вооруженных Сил СССР»; «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»; Знак «25 лет Победы в Великой Отечественной войне»; «Тридцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг»; «Сорок лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»; «Орден Отечественной войны 2 степени»; «Пятьдесят лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»; «Медаль Маршала Советского Союза Жукова Г.К.»; В честь 55 годовщины Победы вручен Знак «Ветеран войны 1941-1945 гг.».

Умер 15 октября 2000 года.



Жас кезі
В молодые годы



Салтанатты кештен қайтқанда
На торжественном собрании

# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ПОЛИГОННЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ

# ВЕТЕРАНЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ И ПОЛИГОНА



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Губенко Александр Алексеевич**
**1911–2004**

Генерал-майор **Губенко Александр Алексеевич** – Сары Шаған полигоны құрылысының бірінші бастығы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының белсенді қатысушысы – 1911 жылдың 15 қарашасында Қазіргі Донецк облысы (Украина) Волновах ауданының Солдат хуторында дүниеге келген. Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1-ші дәрежелі Отан соғысының орденімен екі мәрте, Қызыл Жұлдыз орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. «КСРО-ның құрметті құрылысшысы» және «Приозерск қаласының Құрметті азаматы» атақтарының иегері.

Губенко 1941 жылдың 8 қазанында Одессадан Дондағы Ростовқа қарай шегінген 9-армияның сарбаздарымен бірге машинаның кузовында болды. Сол күні ол Азов теңізінің жағалауына түскен немістердің десантын жою бойынша ұрысқа қатысты. Ал 4 күннен кейін ерікті түрде майданға аттанды.

Губенко запастағы 2-ші дәрежелі әскери техник бола отырып, Харьков және Сталинград түбіндегі қорғаныс құрылыстарын салған 5-ші саперлік әскердің 1506-ші жеке саперлік батальонының рота командирі болып тағайындалды.

Батальон командирі ретінде Александр Губенко Солтүстік Донец, Днепр, Днестр, Дунай өзендерінде және Балатон көлінде көпірлер мен өткелдердің құрылысын басқарды. Бухарестте, Будапештте және Венада болған ұрыстарға қатысып, соғысты аяқтады.

Соңғы рет Приозерск қаласына отставкадағы генерал-майор А.А. Губенко 1996 жылы, полигон қолбасшылығының шақыруы бойынша, Сары-Шаған полигонының құрылғанына 45 жыл толуына байланысты келді.

Александр Алексеевич Губенко 2004 жылдың 13 қазанында қайтыс болды, Мәскеу қаласында Троекуров зиратында жерленген.

---

Генерал-майор **Губенко Александр Алексеевич** – первый начальник строительства полигона Сары-шаган, активный участник Великой Отечественной войны 1941 – 1945 годов – родился 15 ноября 1911 года на хуторе Солдатском Волновахского района ныне Донецкой области (Украина). Награжден орденом Трудового Красного

Знамени, двумя орденами Отечественной войны 1-й степени, орденом Красной Звезды и многими медалями. Почетный строитель СССР. Почетный гражданин города Приозерска.

8 октября 1941 года Губенко оказался в кузове машины вместе с солдатами 9-й армии, отступавшими из Одессы к Ростову-на-Дону. В этот же день он участвовал в бою по ликвидации десанта немцев, высадившихся на побережье Азовского моря. А через 4 дня после этого добровольцем ушел на фронт.

Будучи воентехником 2 ранга в запасе, Александр назначен командиром роты 1506-го отдельного саперного батальона 5-й саперной армии, строившей оборонительные сооружения под Харьковом и Сталинградом.

В должности командира батальона Александр Губенко руководил строительством мостов и переправ на реках Северский Донец, Днепр, Днестр, Дунай и на озере Балатон. Воевал в Бухаресте, Будапеште и Вене, где и закончил войну.

Последний раз посетил полигон генерал-майор в отставке Губенко А.А. в 1996 году по приглашению командования полигона, в связи с празднованием 45-летия со дня его образования.

Умер Александр Алексеевич 13 октября 2004 года, похоронен в городе Москве на Троекуровском кладбище.



Подполковник А.А. Губенко

Генерал-майор А.А. Губенко әйелімен
Генерал-майор А.А. Губенко с супругой





**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Степан Дмитриевич Дорохов**
**1913 - 1966**

Артиллерия генерал-лейтенанты Степан Дмитриевич Дорохов 1913 жылы Украинада Горловка қаласында туған. 1932 жылы ерікті түрде Қызыл Әскер қатарына кірді. 1941 жылы М. В. Фрунзе атындағы Қызыл армияның жоғары академиясын бітірді. Ұлы Отан соғысы жылдарында бірінші күннен соңғы күнге дейін жауынгерлік іс-қимылдарға белсене қатысты. Аты аңызға айналған «Катюшалар», яғни артиллерия полкінің реактивті артиллериясы дивизионын басқарды. 1945 жылдан бастап 6-гвардиялық армияның артиллерия штабының бастығы. 3 мәрте Қызыл Ту орденімен, 3-ші дәрежелі Кутузов орденімен, Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған.

1952 жылы Бас штаб академиясын бітіріп, ерекше мақсаттағы ӘШҚ бірінші армиясы корпусының штаб бастығы болып тағайындалды.

Сары-Шаған полигонының бастығы лауазымына тағайындалғаннан кейін 1956 жылдың 27 тамызында тұрақты орналасқан жерге келіп, оны қалыптастыруға кірісті.

«Генерал Дороховқа деген құрмет пен махаббат көпшіліктің тарапынан әрдайым сезіліп тұратын. Оны әскери қызметшілер ғана емес, олардың отбасы мүшелері де жақсы көрді. Құрылысшылар, конструкторлар, жобалаушылар мен монтажшылар, сондай-ақ ол бірнеше рет сайланған Қазақ КСР-і Жоғары басшылығы сыйлап, үлкен құрмет көрсетті. Дороховқа деген осындай ықылас пен сыйластықты полигонда болған алғашқы күннен көрдім». (А. Кулаковтың естеліктерінен, отставкадағы полковник, техника ғылымдарының докторы).

С.Д. Дорохов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 5 және 6-шақырылымының депутаты, КОКП XXII және XXIII съездерінің делегаты болып сайланды. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің сессиясында сайлаушылардың мүддесін білдіре отырып, Степан Дмитриевич Көктас қалалық типті кентті әрбіріміздің жүрегімізге жақын Приозерск қаласы деп атап облыстық бағыныстағы қала (алдымен Жезқазған, содан кейін Қарағанды облыстары) етіп қайта құру туралы мәселені шешті. Қала 1963 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен құрылды, содан кейін халық депутаттарының бірінші қалалық кеңесі сайланды және мемлекеттік биліктің қажетті органдары мен жетіспейтін қызметтер: АХАЖ, нотариалдық кеңсе,

паспорт үстелі, милиция және т. б. құрыла бастады.

Генерал С.Д. Дорохов полигонда бірінші болып Ленин орденімен марапатталды. 1966 жылы 20 ақпанда қайтыс болды. Мәскеу қаласында Новодевичь зиратында жерленген. Оның есімі қаладағы ең бірінші мектепке және Приозерск қаласының көшелерінің біріне берілген, «Приозерск қаласының құрметті азаматы» атағы берілген.

---

Генерал-лейтенант артиллерии **Степан Дмитриевич Дорохов** родился в 1913 году на Украине, в городе Горловка. В 1932 году добровольно вступил в Красную Армию. Окончил Сумское артиллерийское училище, а в 1941 году – Высшую Академию Красной Армии имени М.В. Фрунзе. В годы Великой Отечественной войны принимал активное участие в боевых действиях с первых до последних ее дней. Командовал дивизионом реактивной артиллерии легендарных «Катюш», артиллерийским полком. С 1945 года – начальник штаба артиллерии 6 гвардейской армии Прибалтийского фронта. Награжден 3 орденами Красного Знамени, орденом Кутузова 3 степени, орденом Александра Невского, отечественной войны 1 степени, Красной Звезды, медалями.

В 1952 году окончил академию Генерального штаба, по окончанию назначен начальником штаба корпуса первой армии ПВО особого назначения.

Получив назначение на должность начальника полигона, прибыл к месту постоянной дислокации 27 августа 1956 года и приступил к его формированию.

По воспоминаю ветеранов, бывших сослуживцев, жителей города Приозерска, «Уважение и любовь к генералу Дорохову были всеобщими. Его любили не только военнослужащие, но и члены их семей. Уважали строители, конструкторы, проектировщики и монтажники, а также высшее руководство Казахской ССР, на должности которого он неоднократно назначался. Проявление такой любви и уважения я видел с первого дня пребывания на полигоне». (Из воспоминаний А. Кулакова, полковника в отставке, доктора технических наук).

Дорохов С.Д. избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР 5 и 6 созывов, делегатом XXII и XXIII съездов КПСС. Представляя интересы избирателей на сессии Верховного Совета Казахстана, Степан Дмитриевич решил вопрос о преобразовании поселка городского типа Коктас в город областного подчинения (сначала Караганде, затем Джезказгану) с гордым и близким сердцу каждого именем Приозерск. Город был провозглашен Указом Президиума Верховного Совета Казахстана в 1963 году, после чего был избран первый городской совет народных депутатов и стали создаваться необходимые органы государственной власти и недостающие службы: ЗАГС, нотариальная контора, паспортный стол, милиция и др.

Генерал Дорохов С.Д. первым на полигоне награжден орденом Ленина.

Скончался 20 февраля 1966 года. Похоронен на Новодевичьем кладбище в городе Москве.

Его именем названа первая школа в городе и одна из улиц в Приозерске, было присвоено звание «Почетный гражданин города Приозерск».



С. Д. Дорохов мектеп оқушыларымен
Дорохов С. Д. на встрече со школьницами



С.Д. Дорохов
қаруластарымен
Дорохов С.Д. с
сослуживцами
(второй слева)



**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Кисунько Григорий Васильевич**
**1918–1998**

Кисунько Григорий Васильевич – Социалистік Еңбек Ері, КСРО ҒА корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор, генерал-лейтенант.

30 маусым 1918 жылы Украинадағы Запорожский облысы Куйбышевский ауданы Бельманка селосында дүниеге келген. Ата-анасы шаруалар арасынан шыққан, осы селоның тұрғындары. 9-сыныпты бітіргеннен кейін отбасындағы материалдық қиындықтарға байланысты мектепті тастайды және Луганск қаласына кетеді. Онда пединституттың физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1938 жылы «физика» мамандығы бойынша үздік бітіреді. 1938 жылдың күзінде А.И. Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институтының теориялық физика кафедрасына аспирантураға түсті. 1941 жылдың маусымында физика-математика ғылымына кандидаттыққа ізденуші ретінде аспирантураны аяқтады. Шілдеде Ленинград Халық Армиясы жасағына ерікті ретінде қабылданады, бірақ ол жерден Ленинград қаласы Куйбышев аудандық АӘК қарамағына іссапарға жіберіледі және Қызыл Армияның ВНОС әскери училищесіне курсант етіп аттандырылады. 1942 жылдың ақпанында лейтенант шенінде ӘҚҚ маңызды Мәскеу армиясына ВНОС 337-жеке радиобатальонына жіберілген. Мұнда 1944 жылдың желтоқсанына дейін техникалық бөлім бойынша взвод командирінің – көмекшісі, взвод командирі – станция бастығы, ұшақтарды радиоанықтау станциясы ротасының инженері лауазымдарында қызмет етті.

1944 жылдың желтоқсанынан 1950 жылдың қазанына дейін С.М. Буденко атындағы Қызыл Тулы байланыс Әскери академиясында оқытушы, аға оқытушы, радиолокацияның теориялық негіздері кафедрасы бастығының орынбасары.

1944 жылдан КОКП мүшесі, 1996 жылы КОКП-ның XXIII съезіне делегат болған, 1966-74 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің 7 және 8-шақырылымдарына депутат болып сайланған. Үкіметтік марапаттары: «Орақ пен Балға» алтын медалі, екі «Ленин» ордені, «Қызыл Жұлдыз» ордені, он медаль, Приозерск қаласының «Құрметті азаматы», қаланың бір көшесі оның атымен аталады. Ұлы Отан соғысында өзінің туған жерін қорғауда ол сондай берік қалқан орнатты, әуе қорғанысында және ракетаға қарсы қорғаныста, Кеңестер одағына қарсы және біздің заманымызға дейін тіпті бүкіл

әлемге қарсы ядролық соғыс тудыратын бірде-бір ракета атылмаған. 1998 жылдың 11 қазанында қайтыс болды, Мәскеудегі Троекуров зиратында жерленген.

---

Герой Социалистического труда, член-корреспондент АН СССР, лауреат Ленинской премии, доктор технических наук, профессор, генерал-лейтенант Кисунько Григорий Васильевич.

Родился 20 июля 1918 года в селе Бельманка Куйбышевского района Запорожской области на Украине. Родители – уроженцы того же села, из крестьян. По окончании 9 классов из-за материальных трудностей в семье оставил школу и уехал в город Луганск. Там поступил студентом на физико-математический факультет techинститута, который окончил в 1938 году с отличием по специальности «Физика». Осенью 1938 года поступил в аспирантуру на кафедру теоретической физики Ленинградского государственного пединститута им. А.И. Герцена. Аспирантуру закончил в июне 1941 года, защитив диссертацию на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук.

В июле вступил добровольцем в Ленинградскую Армию Народного ополчения, но оттуда был откомандирован в распоряжение РВК Куйбышевского района города Ленинграда и направлен курсантом в Военное училище ВНОС Красной Армии. В феврале 1942 года в звании лейтенанта был направлен в 337-й Отдельный радиобатальон ВНОС Особой Московской армии ПВО. Здесь служил до декабря 1944 года в должностях помощника командира взвода – начальника станции по технической части, командиром взвода – начальником станции, инженером роты станций радиообнаружения самолетов.

С декабря 1944 года до октября 1950 года – преподаватель, старший преподаватель, заместитель начальника кафедры теоретических основ радиолокации в Военной Краснознаменной академии связи им. С.М. Буденного.

Член КПСС с 1944 года, в 1966 году был делегатом XXIII съезда КПСС, в 1966-74 годы избирался депутатом Верховного Совета СССР 7-го и 8-го созывов. Правительственные награды: Золотая медаль «Серп и Молот», два ордена Ленина, орден Красной Звезды, десять медалей, звание «Почетный гражданин г. Приозерска», одна из улиц этого города носит его имя. Отстояв в Великой Отечественной войне свою родную землю, он сумел создать такой надежный щит противовоздушной и противоракетной обороны, что против Советского Союза и до нашего времени вообще в мире не была развязана ракетно-ядерная война.

Умер 11 октября 1998 года, похоронен на Троекуровском кладбище в Москве.



**Совет Одағының Батыры**
**Ұлы Отан соғысының ардагері –**
**Герой Советского Союза**
**Участник Великой Отечественной войны**
**Миронов Александр Ильич**
**1921–2009**

679 жеке сынақ транспорттық авиациялық полкының командирі, Кеңес Одағының батыры, полковник Миронов Александр Ильич.

1955 жылы КСРО Қарулы Күштері Қызыл Тулы Әскери-әуе академиясының басқарушылық факультетін бітірді. Сол бір қауырт жылдарда Бетбақдала аумақтарындағы ПРО полигонына заманауи реактивті ұшақтармен жасақталған, әскери әрекеттерде тәжірибесі бар, жаңа әскери техникаларды сынақтан өткеру бойынша жұмыстарды авиациямен қамтамасыз ету үшін бөлім қажет болды. 1956 жылғы қазан-желтоқсанда ГНИП № 10 авиациялық қамтамасыз етуге бағытталған транспорттық ұшақтардың 283-жеке араласқан авиациялық эскадрильясы құрылды. 1957 жылғы наурызда эскадрилья құмды қиыршықтардан жасалған Сарышаған аэродромына қондырылды және жүктерді, азық-түлік пен жеке құрамды тасымалдау үшін бірден жұмысқа кірісіп кетті. 1958 жылдың наурызында 283-жеке араласқан авиациялық эскадрильясы 283-жеке араласқан авиациялық эскадрильясы базасында 679-жеке сынақ транспорттық авиация полкы құрылды. Оның командирлігіне Кеңес Одағының батыры А.И. Миронов тағайындалды. Отставкаға шыққан соң «Алмаз» (ЦКБ НПО) Орталық конструкторлық бюросының ғылыми-өндірістік бірлестігінде жетекші инженер болып жұмыс істеді.

Александр Ильич Миронов 7 қыркүйек 1921 жылы Тула облысы, Ленинский ауданы, Хрущево селосында жұмысшы отбасында туған. Соғыс басталғанға шейін Тула қаласындағы № 314 завод жанындағы ФЗУ мектебін бітірді. 1938 жылғы қазаннан бастап токар-инструментальшик қызметінде істеді. Соғысты 1940 жылы шақырылған Қызыл Армия сарбазы болып қарсы алып, 1941 жылдың желтоқсаны бойынша Танагрок авиациялық мектебінің курсанты болды, кейінірек – Танагрок және Омск әскери авиамектептің пилот-нұсқаушысы атанды.

1943 жылдың қаңтарынан 826-шабуылдаушы авиациялық полкының (291-шабуылдаушы авиациалық дивизия, 2-Әуе армиясы, Воронеж майданы) Ил-2 ұшағында пилот шабуылдашы болып соғыс қимылдарына қатысты.

1943 жылдың 25 тамызынан 1943 жылғы 17 қазанға дейін 826-ШАП звено командирі (Калининский майданы, 3-ВА, 211-ШАД). 1943 жылғы 17 қазаннан 5 желтоқсан аралығында 826-ШАП эскадрилья командирінің орынбасары (291-ШАД, 2-ВА, 1-Прибалтика майданы).

1943 жылғы 5 желтоқсаннан 1945 жылғы 10 ақпанға дейін орынбасары, 826-ШАП (335-ШАД, 3-ВА) эскадрилья командирі. 1945 жылғы 10 ақпаннан 5 мамырға шейін 826-ШАП (335-ШАД, 3-ВА, Белорус майданы) эскадрилья командирі. Жеңісті 826-ШАП эскадрилья командирі болып Прибалтика майданында қарсы алды. Невель қаласының оңтүстік шығысындағы немістер қорғанысын бұзуға және осы қаланы иеленуге қатысты, 1943 жылғы 7 қазандағы Бас Қолбасшының бұйрығымен алғыс жарияланды. Хайлингенбаль, Фриш Гаф бұғазы жағалауындағы немістердің қорғаныс тірек пунктінде, Кёнигсберг қаласының оңтүстік шығысындағы соғыстарға қатысты, сол үшін тағы да Бас Қолбасшының алғысына лайық деп танылды. Мемель, Паланга, Лиепая, Приекледе шайқасты. Соғыс әрекетін 1945 жылғы 9 мамырда Шығыс Пруссияның Лабиау қаласында аяқтады.

1945 жылдың мамырына дейін 826-шабуылдаушы авиациялық полктың эскадрилья командирі капитан А.И. Миронов қарсыластың тірі күші мен техникасына 145 ұшу сапарын, 4 әуе шайқасын жасады. Жеке өзі жойды және бүлдірді: 3 танк, 15-тен астам автомашина, 6-ға дейін дала қаруын, 3 өрт ошағын ұйымдастырды, 10 өрт ошағын сөндірді, 1 өздігінен жүретін баржаны, 3 қойманы қару-жарақтарымен жарды, 30-ға шейін сарбаздар мен офицерлерді атып тастады.

Оның эскадрильясымен жойылғандар: 63 танк, 300 автомашина, 400 жүк тасымалы, 120 ірі көлемді қару, 5 теміржол эшелоны, 6 қойма қару-жарақтары және жанармайымен, 1300 метр теміржол төсеніші, 2 көпір, 90 өрт ошағы өшірілді, қарсыластың 1500 тірі адам күші, 9 ұшақ.

Соғыс уақытында оның ұшағы жеті рет соққыға ұшырады. Мироновтың өзі екі рет парашютпен секіруге және екі рет басып алынған жерге қонуға мәжбүр болды. Кеңес Одағының батыры атағы 1945 жылдың 23 ақпанында берілді. 2009 жылдың 15 желтоқсанында қайтыс болды.

---

Командир 679 отдельного испытательного транспортного авиационного полка, Герой Советского Союза, полковник Миронов Александр Ильич.

В 1955 году окончил командный факультет Краснознаменной Военно-воздушной академии Вооруженных Сил СССР. Разворачиваемому в эти годы в пустыне Бетпак-Дала полигону ПРО для авиационного обеспечения работ по испытанию новой боевой техники необходима была часть, имеющая опыт боевых действий, вооруженная современными реактивными самолетами. В октябре-декабре 1956 года была сформирована 283-я отдельная смешанная авиационная эскадрилья транспортных самолетов, предназначенных для авиационного обеспечения ГНИИП №10. В марте 1957 года эскадрилья перебазировалась на примитивно оборудованный грунтовой аэродром Сары-Шаган и сразу же приступила к выполнению полетов по рекогносцировке местности, перевозке грузов, продовольствия и личного состава на создаваемые объекты. В марте 1958 года на базе 283 отдельной смешанной авиаэскадрильи был сформирован 679 отдельный испытательный транспортный авиационный полк. Его командиром был назначен Герой Советского Союза полковник Миронов А.И. Выйдя в отставку, работал ведущим инженером в Центральном конструкторском бюро научно-производственного объединения (ЦКБ НПО) «Алмаз».

Миронов Александр Ильич родился 7 сентября 1921 года в селе Хрущево Ленинского района Тульской области, в семье рабочего. До начала войны окончил школу ФЗУ при заводе № 314 в Туле. С октября 1938 года работал на должности токаря-ин-

струментальщика. Войну встретил солдатом Красной Армии, в ряды которой был призван в декабре 1940 года, по декабрь 1941 года являлся курсантом Таганрогской авиационной школы, позже – пилотом-инструктором Таганрогской и Омской военных авиашкол.

С января 1943 года принимал участие в боевых действиях пилотом штурмовика Ил-2 в составе 826-го штурмового авиационного полка (291-я штурмовая авиационная дивизия, 2-я Воздушная армия, Воронежский фронт).

С 25 августа 1943 по 17 ноября 1943 года – командир звена 826-го ШАП (211-я ШАД, 3-я ВА, Калининский фронт). С 17 ноября по 5 декабря 1943 года – заместитель командира эскадрильи 826-го ШАП (291-я ШАД, 2-я ВА, 1-й Прибалтийский фронт).

С 5 декабря 1943 по 10 февраля 1945 гг. – заместитель командира, командир эскадрильи 826-го ШАП (335-я ШАД, 3-я ВА). С 10 февраля по 5 мая 1945 г. – командир эскадрильи 826-го ШАП (335-я ШАД, 3-я ВА, 3-й Белорусский фронт). Победу встретил командиром эскадрильи 826-го ШАП на 2-м Прибалтийском фронте.

**28.07.1931**

**Степанчук Людмила Илларионовна** 1931 жылы 28 шілдеде Омск облысы, Тевринский ауданының Изгох деревнясында жұмысшы отбасында туған. Соғыс жылдарында автобазада есепшінің шәкірті ретінде еңбектегі алғашқы қадамын жасайды. Соғыс аяқталғаннан кейін үш айлық бухгалтерлік курсты тәмамдап, Ақсүйек ауылында бухгалтер болып қызмет етеді. «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы» және «Жеңістің 70 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Приозерск қаласында тұрады.

**Степанчук Людмила Илларионовна** родилась 28.07.1931 года в деревне Изгох Тевринского района Омской области в семье рабочего. В военные годы работала учеником счетовода в автобазе, после войны закончила трехмесячные курсы бухгалтеров, работала бухгалтером в селе Аксуйек. Награждена медалями «Ветеран труда», «60 лет Победы», «65 лет Победы», «70 лет Победы». Проживает в городе Приозерск.



**Тыл ардагері – Труженик тыла**
**Сурова Александра Платоновна**
**1929 - 2007**

**Сурова Александра Платоновна** 1929 жылы Шығыс Қазақстанда туған. Кейінірек Суровтар отбасы Балқаш қаласына көшіп келді. Соғыс кезінде қосалқы қызметкер болып жұмыс істеді. Тұрмысқа шығып 2 балалы болған, балалары нәресте кезінде шетінеген. 1975 жылы Приозерск қаласына жиені Наталья Ивановна Тищенконың қолына көшіп келді. Приозерск қаласында әртүрлі салаларда жұмыс істеді. А.П. Сурова 2007 жылы 78 жасында қайтыс болды.

---

**Сурова Александра Платоновна** родилась в 1929 году в Восточном Казахстане. Позже семья Суровых переехала в город Балхаш. В войну работала подсобным работником. Вышла замуж, родила 2-х детей, дети умерли в младенческом возрасте. В 1975 году переехала в город Приозерск жить с племянницей Тищенко Натальей Ивановной.

В Приозерске работала в различных сферах. Сурова А. П. умерла в 2007 году в возрасте 78 лет.



**Тыл ардагері – Труженик тыла**
**Сыркина Анастасия Петровна**
**15.08.1923**

**Сыркина Анастасия Петровна** 1923 жылғы тамыз айының 15 жұлдызында туған. Майдан даласында немістермен соғыс болып жатқан тұста ол Алтай өлкесіндегі заводта жұмыс істеген. Ал, соғыс біткен соң ветеринар қызметін атқарған. Көп жылдық нәтижелі қызметінің арқасында «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Приозерск қаласында тұрған.

---

**Сыркина Анастасия Петровна** 15.08.1923 года рождения. Во время войны Анастасия Петровна работала в Алтайском крае на заводе, после войны работала ветеринаром. Награждена медалями «Ветеран труда», «60 лет Победы», «65 лет Победы». Проживала в городе Приозерск.



**Тыл ардагері – Труженик тыла**
**Өтегенов Пердебай**
**9.05.1936**

**Өтегенов Пердебай** 1936 жылы 9 мамырда Өзбекстанда Бұхар облысында дүниеге келген. Соғыс жылдарында Канимех совхозында мал шаруашылығында жұмыс істейді. Отбасында әпкесі болды. 1942 жылы майданға әкесін алып кетті, Ржев түбінде ол хабар-ошарсыз кетті. Өтегенов Пердебай соғыстан кейін мектептің 7 сыныбын бітірді. Канимех совхозында 55 жыл шопан болып еңбек етті. Ерен еңбегі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Приозерск қаласына 2019 жылы көшіп келді. Қазіргі уақытта ұлының отбасымен Космонавтар көшесі, 9/2 үй, 14 пәтер мекен-жайы бойынша тұрады.

---

**Утегенов Пердибай** родился 09.05.1936 года в с. Канимех Бухарской области, Узбекистане. В годы войны пас скот в совхозе Канимех. В семье была еще сестра. В 1942 году на фронт забрали отца, под Ржевом он пропал без вести. Утегенов Пердибай после войны закончил 7 классов школы. Работал в совхозе Канимех чабаном 55 лет. За доблестный труд награжден орденом «Знак Почета», медалью «Ветеран труда», Почетными грамотами. В город Приозерск переехал в 2019 году. В данное время проживает с семьей сына по ул. Космонавтов, д. 9/2, кв. 14.



**Тыл ардагері – Труженик тыла**
**Шпак Юлия Федоровна**
**15.07.1928**

**Шпак Юлия Федоровна** 1928 жылы 15 шілдеде Смоленск облысының Кондрово қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1943 жылы Калужск желілік-механикалық заводының ОТК-сына қабылдаушының тәлімгері ретінде жұмысқа барады. 1962 жылы әскери қызметші П.С. Шпакқа тұрмысқа шығады. 1956 жылы күйеуі қызмет ететін Приозерск қаласына көшіп келген. Мұнда ол еден жуушы, автобус паркінде кондуктор болып жұмыс істеген. «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы» және «Жеңістің 70 жылдығы» төсбелгілерімен марапатталған. Қазіргі уақытта Приозерск қаласында тұрады.

---

**Шпак Юлия Федоровна** родилась 15.07.1928 года в городе Кондрово Смоленской области в рабочей семье. В 1943 пошла работать на Калужский линейно-механический завод учеником приемщика в ОТК. В 1946 году закончила 7 классов. В 1962 году вступила в брак с гр. Шпак П.С. Муж был военнослужащим. Семья Шпак в 1956 году переехала по месту службы Шпак П.С. в город Приозерск. Работала уборщицей, кондуктором в автобусном парке. Награждена медалями «Ветеран труда», «60 лет Победы», «65 лет Победы», «70 лет Победы». В настоящее время проживает в городе Приозерск.



**Тыл ардагері – Труженик тыла**
**Щенцов Василий Григорьевич**
**19.01.1929**

**Щенцов Василий Григорьевич** 1929 жылы 19 қаңтарда Алтай өлкесіндегі Карпово-мыс селосында шаруа отбасында туған. Соғыс кезінде 1949 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылғанша өзі тұратын Усть-пристань елді мекенінде жұмыс істейді.

1953 жылы Өскемен қаласына келіп, кірпіш заводында жүргізуші болып жұмыс істейді. 1961 жылы Осинников тау-кен техникумын бітіріп келіп, Өскемендегі НИИЦВЕТМЕТ институтында лаборант болып, кейінірек осы лабораторияға инженер қызметіне ауыстырылады. Аталған жерден 1991 жылы зейнетке шыққан. «Еңбек ардагері», «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

---

**Щенцов Василий Григорьевич** родился 19.01.1929 года в Алтайском крае, селе Карпово-мыс в крестьянской семье. Во время войны работал в Усть-пристани, где проживал до 1949 года, пока не призвали в ряды Советской Армии. В 1953 году выехал в Усть-Каменогорск, работал на кирпичном заводе водителем. В 1961 году закончил Осинниковский горный техникум, работал в Усть-Каменогорске, в институте НИИЦВЕТМЕТ в качестве лаборанта, затем инженером в той же лаборатории.

В 1991 году ушел на пенсию. Награжден медалями «Ветеран труда», «60 лет Победы», «65 лет Победы». Проживал в городе Приозерск.

# АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ

# ВЕТЕРАНЫ АФГАНСКОЙ ВОЙНЫ




Ауған соғысының ардагерлері қалалық салтанатты жиында
Ветераны Афганской войны на городском торжественном собрании



Ауған соғысының ардагерлері мектеп оқушыларымен кездесуде
Встреча ветеранов Афганской войны со школьниками




Ауған соғысының ардагерлерін қалалық салтанатты жиында құттықтау сәті
Поздравление ветеранов Афганской войны на городском торжественном собрании





**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Ақмұрзаев Бердібек Тауасқанұлы**
**16.03.1968**

**Ақмұрзаев Бердібек Тауасқанұлы** 1968 жылғы 16 наурызда Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан автономиялық республикасы, Беруни ауданы, Қызылқала ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – арнаулы орта.

1975 жылы Жамбыл атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барған ол орта мектептің оныншы сыныбын 1985 жылы бітірген. 1985 жылы Хожелі атындағы педагогикалық училищесіне түскен ол оқуын біріп, мамандық алмай тұрғанда, 1986 жылы өзінің қатарластары секілді әскери борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылған. Сол жылғы мамыр айынан қазан айына дейін Түрікменстан Республикасының Ашхабад қаласындағы сержанттарды дайындау бойынша курста дайындықтан өткен. 1986 жылдың қазан айында Ауғанстан Республикасының Джалабад қаласына әскери борышын жалғастыруға жіберіледі.

Әлі оңы мен солын танып үлгермеген, соғыс деген жалмауызды тек қана кинолардан көріп өскен жас жігіт күндердің-күнінде өзі де майдан даласында толарсақтан қан кешемін деп тіпті де ойламаған еді. Дегенмен, бейбіт жатқан ауған халқымен соғысу бұның тағдырына жазылған екен. Бүгінде сол бір қанды қырғынды мүлде есіне алғысы келмейтін Бердібек кейде ұйқысынан шошып оянатынын жасырмайды. Ауған жеріндегі ұрыстың ортасынан әскери борышын адал атқарып, 1988 жылғы мамыр айында туып-өскен жеріне аман-сау қайта оралған. Әскер қатарына алынғанға дейін оқыған училищедегі оқуын жалғастырады. 1990 жылы аталған оқу орнын бітіріп шыққанан кейін ол № 44 Ленин атындағы орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінен мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Осынау оқу орнында 1995 жылдың қыркүйек айына дейін жұмыс атқарды. 1995 жылғы қазан айында тарихи Отаны – Қазақстан Республикасының Қарағанды облысы, Приозерск қаласына отбасымен көшіп келген.

Жаңа мекенге қоныстанған алғашқы жылдары Ресей федерациясы Қорғаныс Министрлігінің 03081 әскери бөлімінде 1995 жылдан 2000 жыл аралығында бөлімнің азаматтық персоналы болып жұмыс атқарады. 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жеке кәсіпкерлікпен айналысып жүр.

Бердібек Тауасқанұлы «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының куәлігі», «Интернацоналист-жауынгер Грамота медалі»,

«Интернационалист жауынгерге Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Жауынгерлік қызметі үшін», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 20 жыл», «Ауғанстандағы әскери қимылдың аяқталғанын еске алуға 25 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстан шығарылғанына 20 жыл», «Сары-Шаған полигонында қызмет еткені үшін», «РВСН-ға 60 жыл», «Рахымжан Қошқарбаев атындағы Халық қаһарманы» медальдарымен еткен ерлігі және еңбегіне орай лайықты марапатталған.

Отбасы жағдайы – үйленген. 4 ұлы бар. Жұбайы Приозерск қаласының № 1 орта мектебінде мұғалім болып қызмет ететін Қасымова Гүлмира Шымбергеновна. Қазіргі уақытта Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 29-үй, 62-пәтерде отбасымен бірге тұрып жатыр. Отбасында 4 ұлы бар.

Бахытжаны – Нұр-Сұлтан қаласындағы балаларды оңалту орталығының арнайы ортезисті, Бауыржаны – ҚР ҚМ «44841 әскери бөлімі» РММ-де келісім-шарт бойынша әскери қызметші, Алтыбек – Приозерск қаласының ІІМ полиция бөлімінің полиция қызметкері. Ал, кенже ұлы Болатбек Нұр-Сұлтан қаласының «Балаларды оңалту орталығында» дефектолог болып қызмет етеді. Үш ұлы үйленіп, үш келін алған Бердібек пен Гүлмира Айша, Ажар, Ясин, Балназ атты төрт немере сүйіп отырған бақытты ата-әжелер.

---

**Акмурзаев Бердибек Тауасканович** родился 16 марта 1968 года в Кызылкалинском сельском совете Берунисского района Автономной Республики Каракалпакстан Республики Узбекистан. Национальность – казах, образование – среднее специальное.

В 1975 году пошел в первый класс средней школы им. Жамбыла, окончил десятый класс в 1985 году. В 1985 году поступил в педагогическое училище им. Хожели, во время учебы, в 1986 году был призван в ряды армии для прохождения воинского долга. С мая по октябрь того же года проходил курсы по подготовке сержантов в г. Ашхабад Республики Туркменистан. В октябре 1986 года был направлен на продолжение воинского долга в город Джалабад Республики Афганистан.

Молодой человек, который видел войну только в кино, даже не думал о том, что когда-то будет участвовать в кровопролитных боях, будет сражаться на фронте. Сегодня Бердибек, который вообще не хочет вспомнить ту кровавую войну, не скрывает, что иногда просыпается от снов. На афганской земле верно служил в армии и вернулся на Родину в мае 1988 года. Продолжил обучение в училище. В 1990 году после окончания данного учебного заведения он устроился на работу учителем начальной военной подготовки в средней школе № 44 им. Ленина. В этом учебном заведении работал до сентября 1995 года. В октябре 1995 года переехал с семьей в город Приозерск Карагандинской области Республики Казахстан.

В первые годы жизни в Приозерске с 1995 по 2000 годы работал гражданским персоналом в воинской части 03081 Министерства обороны Российской Федерации.

С 2000 года по настоящее время занимается индивидуальным предпринимательством.

Бердибек Тауасканович имеет следующие награды: «Удостоверение Президиума Верховного Совета СССР», «Медаль грамота воину-интернационалисту», «Воину интернационалисту от благодарного Афганского народа», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «За боевые заслуги», «20 лет вывода Советских войск из Афганистана», «25 лет памяти окончания боевых действий в Афганистане», «20 лет вывода Советских войск из Афганистана», «За службу на полигоне Сары-Шаган», «60 лет РВСН», медаль им. Рахымжана Кошкарбаева «Халық қаһарманы».

Семейное положение – женат, имеет 4 сыновей. В настоящее время проживает с семьей в г. Приозерск Карагандинской

области по адресу ул. Достык, д. 29, кв. 62. Супруга Касымова Гульмира Шымбергеновна работает учителем в средней школе № 1 города Приозерск. Старший сын Бахытжан – специальный ортезист детского реабилитационного центра в городе Нур-Султан, второй сын Бауыржан – военнослужащий по контракту в РГУ «Войсковая часть 44841» МО РК, третий сын Алтыбек – сотрудник полиции отдела полиции МВД РК г. Приозерск. А младший сын Болатбек Нур-Султан работает дефектологом в детском реабилитационном центре в городе Нур-Султан. У Бердибека и Гульмиры четыре внучки – Айша, Ажар, Ясин, Балназ.



Б. Т. Ақмұрзаев немересімен.
Акмурзаев Б. Т. с внучкой



Б. Т. Ақмұрзаев ұлдарымен
Акмурзаев Б. Т. с сыновями



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Крупский Валерий Викторович**
**5.10.1966**

**Крупский Валерий Викторович** 1966 жылғы 5 қазанда Қарағанды қаласында туған. Ұлты – орыс. 1973 жыл мен 1983 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы Ленин ауданындағы № 41 мектепте оқыды. Еңбек жолын «ЦентрКазЭнергоремонт» өндірістік-жөндеу кәсіпорнында токарь мамандығынан бастаған. 1985 жылғы 26 сәуірде әскери борышын өтеу үшін әскер қатарына алынып, «МТ-ЛБ, БМП» әскери көлігінің механик-жүргізушісі болып әскери қызметін бастайды. 1985 жылдың 26 қазаны мен 1987 жылдың 6 мамыры аралығында Ауғанстан демократиялық Республикасында интернационалдық борышын өтеген. 1987 жылға мамыр айында әскери қызметінен босатылған.

1987-1988 жылдарда «Ново-Карагандинск машинажасау заводында» темір кесуші, слесарь-жинаушы мамандықтары бойынша жұмыс істеген.

1988 жылы Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетінің күндізгі бөліміне «заңтану» мамандығы бойынша оқуға түседі. 1993 жылы оқуды бітірген соң «заңгер» санаты берілген. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітіріп шыққаннан кейінгі 1993 жылдан 1996 жылға дейін «Қарағандыуголь» өндірістік-бірлестігі «Стахановская» шахтасында заң кеңесшісі; Қарағанды облыстық басқармасында халық соттарының жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жетекші маман; Қарағанды облыстық мәслихатында заң мәселелері бойынша кеңесші лауазымдарында қызмет етеді. Сондай-ақ, бірнеше жеке кәсіпкерлік тұлғаларында заң кеңесшісі болып қызмет атқарады.

Әскери қызметі:

1996 жылғы 15 мамырдан 2000 жылғы 1 наурызға дейін Қарағанды гарнизонындағы Қарағанды қаласы әскери прокуратурасында әскери прокурордың көмекшісі лауазымында әскери қызметтен өткен.

28 маусым 2000 жылдан 27 наурыз 2006 жыл аралығында Саран қаласында орналасқан 44803 әскери бөлімінде заң кеңесшісі болып әскери қызмет еткен.

2006 жылғы 27 наурыздан 2008 жылғы 12 мамырға шейін Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы 44841 әскери бөлімінде заң кеңесшісі лауазымды қызметін атқарады.

2008 жылғы 12 мамыр мен 2008 жылғы 14 маусым арасында 44841 әскери бөлімнің «офицер-заң кеңесшісі» қызметінде болған.

2008 жылдың 14 шілдесінен 2012 жылдың 31 тамызына дейін 44841 әскери бөлімінде Тәрбие және Әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бойынша жас мамандар мектебі бастығының орынбасары лауазымдық қызметін атқарады.

2012 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе Қорғаныс Күштері Бас қолбасшысының 2012 жылғы 17 шілдедегі Бұйрығына сәйкес, 44841 әскери бөлімі командирінің 2012 жылғы 1 тамыздағы бұйрығымен денсаулығына байланысты әскери бөлім тізімінен шығарылады.

Қазіргі кезде Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Абай көшесі, 3-үй, 34-пәтерде тұрады. Екінші рет үйленген. Жұбайы Крупская (Цуман) Наталья Дмитриевна «Қазақтелекомның» Приозерск қалалық бөлімшесінде электробайланыс инженері болып қызмет атқарады. Крупский Валерий Викторовичтің Александра, Диана есімді қыздары және Антон атты ұлы бар.

---

**Крупский Валерий Викторович** родился 5 октября 1966 года в городе Караганде, по национальности русский. С 1973 по 1983 годы обучался в средней школе №41 Ленинского района города Караганды. Трудовую деятельность начал на производственно-ремонтном предприятии «ЦентрКазЭнергоремонт» по специальности «Токарь». 26 апреля 1985 года был призван в ряды Советской Армии для прохождения срочной военной службы, военная специальность – «Механик-водитель МТ-ЛБ, БМП». С 26 октября 1985 года по 6 мая 1987 года выполнял Интернациональный долг в Демократической Республике Афганистан. В мае 1987 года был демобилизован в связи с окончанием срока службы.

В 1987-1988 годах работал на «Ново-Карагандинском машиностроительном заводе» по специальности «Резчик по металлу, слесарь-сборщик металлоконструкций».

В 1988 году поступил на очное отделение юридического факультета Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова по специальности «Правоведение», который закончил в 1993 году, присвоена квалификация «Юрист».

С 1993 по 1996 годы, после окончания Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова, работал юрисконсультом на шахте «Стахановская» производственного объединения «Карагандауголь»; в Управлении Юстиции Карагандинской области на должности ведущего специалиста по организации работы народных судов; в Карагандинском областном Маслихате на должности консультанта по юридическим вопросам, а также в нескольких МЧП на должностях юрисконсульта.

Военная служба:

С 15 мая 1996 года по 01 марта 2000 года проходил военную службу в военной прокуратуре Карагандинского гарнизона на должности помощника военного прокурора, город Караганда.

С 28 июня 2000 года по 27 марта 2006 года проходил военную службу в войсковой части 44803, дислоцированной в город Сарань Карагандинской области на должности юрисконсульта части.

С 27 марта 2006 года по 12 мая 2008 года в должности юрисконсульта войсковой части 44841, дислоцированной в город Приозёрск Карагандинской области.

С 12 мая 2008 года по 14 июля 2008 года в должности офицера-юрисконсульта войсковой части 44841.

С 14 июля 2008 года по 31 августа 2012 года в должности заместителя начальника школы младших специалистов по Воспитательной и Социально-правовой работе войсковой части 44841.

1 сентября 2012 года исключен из списков личного состава войсковой части 44841 согласно Приказу командира части от 01 августа 2012 года №173, на основании Приказа Главнокомандующего Силами Воздушной Обороны Вооруженных Сил Республики Казахстан от 17 июля 2012 года по болезни.

Супруга Крупская (Цуман) Наталья Дмитриевна, 23 апреля 1973 года рождения, русская, уроженка п. Сары-Шаган Джезказганской области, работает на Приозёрском ПУТ Балхашского ГУТ «Казахтелеком», инженер электросвязи. У Крупского Валерия Викторовича есть две дочери Александра, Диана и сын Антон. На сегодняшний день участник Афганской войны Крупский Валерий Викторович проживает в Карагандинской области, городе Приозёрск, по адресу улица Абая дом 3, квартира 34.



Ашхабад, 1985



Герат, 1986



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Сатенов Алибек Ратаевич**
**25.01.1963**

**Сатенов Алибек Ратаевич** – 1963 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Кіші Қамқалы ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Шу ауданындағы Дружба совхозындағы № 5 Мойынқұм орта мектебіне бірінші сыныпқа барып, 1978 жылы сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін мектептен шыққан. Одан соңғы кезеңдерді ауыл шаруашылығы жұмыстарына аралысып, еңбектегі алғашқы қадамын жасайды. 1981 жылы әскер қатарындағы азаматтық борышын атқару үшін КСРО әскерлер сапына шақырылады. Сол кеткеннен Түрікменстандағы Қызыл-Абат қаласында ұйымдастырылған үш айлық карантинде болады және пулемет атқыштарын дайындайтын курстан өтеді. 1981 жылғы маусым айының 21 жұлдызында Ауғанстан Республикасы Джалабад қаласында әскери борышын жалғастыруға аттанады.

Ауған соғысына қатысқан ол 1983 жылы атамекені – Қазақстанға аман-есен оралады. 1983 жылдың қыркүйек айында Қарағанды облысы, Приозерск қаласына көшіп келеді. Осы жылдың қыркүйек айынан бастап 1988 жылға дейін № 499 әскери сауда мекемесінде шофер-экспедитор болып жұмыс атқарған. 1988 жылдан бастап қазіргі күнге дейін жеке кәсіпкерлікпен айналысып жүр.

Ауған соғысына қатысқан жауынгерлік қызметі ескерілген Алибек Ратаевич «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының куәлігі», «Интернацоналист-жауынгер Грамота медалі», «Интернационалист жауынгерге Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 20 жыл», «Ауғанстандағы әскери қимылдың аяқталғанын еске алуға 25 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 30 жыл» медальдарымен марапатталған. Осы кезеңде Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 16 үй, 1 пәтерде тұрып жатыр. Алибек Сатеновтың жұбайы Волошина Елена Антоновна – зейнеткер. Қызы Сатенова Дана Алибековна Санкт-Петербург қаласында білім алуда, студент.

**Сатенов Алибек Ратаевич** родился 25 января 1963 года в селе Малые Камкалы Мойынкумского района Жамбылской области. В 1969 году пошел в первый класс Мойынкумской средней школы № 5 совхоза Дружба Шуйского района, в 1978 году окончил восьмой класс. После этого он принимает участие в сельскохозяйственных работах и начинает свою трудовую деятельность. В 1981 году был призван в ряды Советской армии для выполнения гражданского долга перед Родиной. В начале он находится в трехмесячном карантине, организованном в городе Кызыл-Абат в Туркмении, и проходит подготовку на курсах пулеметных стрелков. 21 июня 1981 года был направлен на продолжение воинской службы в город Джалабад, Афганистан.

В 1983 году он вернулся на Родину – Казахстан. В сентябре 1983 года переехал в город Приозерск Карагандинской области. С сентября этого года по 1988 год работал шофером-экспедитором в военном торговом предприятий № 499. С 1988 по настоящее время занимается частным предпринимательством.

За боевые заслуги в Афганистане Алибек Ратаевич награжден медалями: «Удостоверение Президиума Верховного Совета СССР», «Медаль грамота воина-интернационалиста», «Воину интернационалисту от благодарного Афганского народа», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «20 лет вывода Советских войск из Афганистана», «25 лет памяти окончания боевых действий в Афганистане», «30 лет вывода Советских войск из Афганистана».

В настоящее время проживает в г. Приозерск по адресу ул. Транспортная, 16 дом, кв. 1. Супруга Алибека Сатенова Волошина Елена Антоновна – пенсионерка. Дочь Сатенова Дана Алибековна студентка, обучается в Санкт-Петербурге.



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Сердалиев Қалмұрза Құрбанбекұлы**
**19.08.1968**

**Сердалиев Қалмұрза Құрбанбекұлы** 1968 жылғы тамыз айының 19 жұлдызында Өзбекстан Республикасы, Қарақалпакстан автономиялық Республикасының Беруний қаласында дүниеге келген.

1975-1983 жылдар аралығында Науаи атындағы орта мектепте білім алады.

1983-1986 жылдары Бостан қаласындағы арнайы техникалық училищеде білім алған.

1987-1989 жылдары әскер қатарында болып, Ауғанстан Демократиялық Республикасында әскери борышын өтей жүріп, ондағы Ауған соғысына қатысады.

1989 жылы әскерден қайтып келген соңғы жылдары әртүрлі жұмыстар атқарады. 1991-1994 жылдар аралығында Ауыл шаруашылық техникумында оқып, технолог мамандығын иеленеді. 1995 жылдан бастап осы күнге шейін құрылыс саласында жұмыс істеп келеді. 2004 жылы отбасымен бірге Қазақстан Республикасына қоныс аударады. Қазіргі уақытта отбасымен бірге Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы Приозерск қаласында тұрып жатыр. Өміржолдасы Сейтенова Анаргүл Базарбайқызы екеуі Айнура және Бауыржан есімді қызы мен ұлын тәрбиелеп, өсіріп отыр.

---

**Сердалиев Калмурза Курбанбекович** родился 19 августа 1968 года в городе Беруний Автономной Республики Каракалпакстан, Республика Узбекистан. С 1975 по 1983 годы учился в средней школе им. Навои. В 1983-1986 годах обучался в специальном техническом училище г. Бостан.

В 1987-1989 годах служил в рядах Советской Армии в Афганистане. В 1989 году вернулся из армии, в последние годы работал в различных сферах.

С 1991 по 1994 годы учился в сельскохозяйственном техникуме и получил специальность технолога. С 1995 года по настоящее время работает в строительной отрасли.

В 2004 году вместе с семьей переехал в Республику Казахстан. В настоящее время вместе с семьей проживает в городе Приозерске Карагандинской области. Вместе с супругой Сейтеновой Анаргуль Базарбаевной воспитывает дочь Айнуру и сына Бауыржана.



Әскерден оралған соң...



Сердалиев Калмурза ұлымен
Сердалиев Калмурза с сыном



Балаларымен
С детьми



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Тұрлыбаев Полат Қанатұлы**
***27.04.1967***

**Полат Қанатұлы Тұрлыбаев** 1967 жылғы сәуір айының 27 жұлдызында Өзбекстан Республикасы Бұхара облысы Ромитан ауданы Қызыл-рават ауылында дүниеге келген.

1974 жылы Қызыл-рават ауылындағы Гоголь атындағы №45 орта мектепке 1-сыныпқа барып, 1984 жылы аталған мектептің оныншы сыныбын бітіреді. Ол заманда мектеп бітірген жастардың бос жүруіне әсте болмайтын. Полат та қарап жүрмей, ауылындағы әртүрлі жұмыстармен айналысады. Арадан жылдан астам уақыт өткесін, 1985 жылғы 10 мамырда Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына шақыртылды. Осы жылғы қазан айына дейін Түркменстан Республикасының Ашхабад қаласындағы сержанттарды дайындау бойынша курстық дайындықтан өтіп, сержант шенін алады. Содан кейін-ақ, сол кезде соғыс жүріп жатқан Ауғанстан Республикасының Кабул қаласына әскери борышын жалғастыруға жіберілген. Мұнда бөлімшедегі БТР командиры болып алғашқы әскери қызметін бастайды. Сол дәуірдегі ең басты міндеті – әскери техникамен жүретін колоннаны сүйемелдеу болатын.

1986 жылдың күзінде Ауғанстанның Құндыз қаласындағы 149-гвардиялық мотоатқыштар полкінде әскери қызметін одан әрі жалғастырады. Толассыз жауған от пен оқтың арасынан аман-сау өткен ол 1987 жылғы тамыз айында әскери қызметін аяқтап келіп, Бұхара қаласындағы Темирязов атындағы газ өндірісі техникумына оқуға түскен. Аталған оқу орнын 1991 жылы бітіргеннен кейін, 1992 жылдың қыркүйек айында тарихи Отаны Қазақстан Республикасының Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Көктерек ауылына отбасымен бірге қоныс аударған. Бес жылдай осы жерде әртүрлі салаларда жұмыс істеген Полат Қанатұлы 1997 жылы Приозерск қаласына қоныс аударған. Әсери қызметін Ауған жерінде өтегені қаперге алынып, 1998-2006 жылдар аралығында қалада ашылған 44841 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарады. 2006 жылы 60601 әскери бөліміне ауысып, қызметін жалғастырды. Қазіргі таңда 06708 әскери бөлімінде әскери қызметін атқарып жүр.

Ауған соғысына қатысқан әскери қызметі мен ерліктері ескерусіз қалмаған Полат Тұрлыбаев төмендегі мемлекеттік марапаттарға ие болған:

«Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызметі үшін», КСРО Жоғарғы Кеңесі Прези-

диумының куәлігі медалімен, «Интернационалист жауынгерге», «Интернационалист жауынгерге Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 15 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 20 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 25 жыл», «ҚР Қарулы күштеріне 10 жыл», «ҚР Қарулы күштеріне 20 жыл», «Ауғанстандағы әскери қимылдың аяқталғанын еске алуға 25 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 30 жыл», «Сары-Шаған полигонында қызмет еткені үшін», «РВСН-ға 60 жыл», «Рахымжан Қошқарбаев атындағы Халық қаһарманы» медальдары және грамоталар, Алғыс хаттармен марапатталған.

Отбасында Салқымбаева Айымсал Юсупқызы екеуі ұл-қыз өсіріп отырған, немере сүйген жандар. Айымсал қаладағы дәріханалардың бірінде қызмет істейді. Бекзаты – Приозерск қаласы, «Әскери құрылыс» ЖШС мекемесінде инженер. Қызы – Жанайым қаладағы «Балақай» балабақшасында тәрбиеші. Кенжесі Нұрзат болса Нұр-Сұлтан қаласындағы С. Нұрмаханбетов атындағы «Жас Ұлан» әскери мектебінде оқиды. Ұлының тұңғышы үйленген, қызы тұрмысқа шыққан. Алинур, Райан атты екі немересі бар.

Бүгінгі таңда ауған соғысының ардагері Полат Қанатұлы Тұрлыбаев Қарағанды облысы Приозерск қаласы Гвардейская көшесі, 10-үй, 21-пәтерде тұрып жатыр.

**Турлибаев Полат Канатович** родился 27 апреля 1967 года в селе Кызыл-Рават Ромитанского района Бухарской области Республики Узбекистан. В 1974 году пошел в 1 класс средней школы № 45 им. Гоголя в селе Кызыл-Рават, в 1984 году окончил десятый класс данной школы. В это время молодые люди, окончившие школу, не бездельничали. Полат тоже занимается различными работами в селе. Спустя более года, 10 мая 1985 года был призван в армию для прохождения гражданского долга перед Отечеством. До октября этого года проходит курсы по подготовке сержантов в г. Ашхабад Республики Туркменистан и получает звание сержанта. Затем был направлен на продолжение воинского долга в город Кабул Республики Афганистан, где в то время идет война. Здесь командир БТР в подразделении начал свою первую военную службу. Главная задача той эпохи – сопровождение колонны военной техникой. Осенью 1986 года продолжил службу в 149-м гвардейском мотострелковом полке в городе Кундыз, Афганистан.

В августе 1987 года он закончил военную службу и поступил в техникум по производству газа им. Тимирязова в г. Бухаре. После окончания этого учебного заведения в 1991 году, в сентябре 1992 года переехал вместе с семьей на историческую родину – в село Коктерек Мойынкумского района Жамбылской области Республики Казахстан.

Полат Канатович после переезда работал в различных сферах в течение пяти лет, в 1997 году его семья переехала в город Приозерск. В период с 1998 по 2006 годы проходил воинскую службу по контракту в воинской части 44841 МО РК, которая дислоцируется в городе. В 2006 году переведен в войсковую часть 60601 МО РК и продолжил службу. В настоящее время служит в воинской части 06708 МО РК.

Полат Тулыбаев удостоен следующих государственных наград: «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызметі үшін», удостоверение Президиума Верховного Совета СССР, «Воину-интернационалисту», «Вои-ну-интернационалисту от благодарного Афганского народа», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «15 лет вывода Советских войск из Афганистана», «20 лет вывода Советских войск из Афганистана», «25 лет вывода Советских войск из Афганистана», «10 лет Вооруженных Сил РК», «20 лет Вооруженных Сил РК», «25 лет памяти окончания боевых действий в Афганистане», «За службу на полигоне», Награжден медалями «60 лет РНСН», «Халық қаһарманы имени

Рахымжана Кошкарбаева», грамотами, благодарственными письмами.

С супругой Салкимбаевой Айымсал Юсуповной имеют дочь, двоих сыновей и два внука. Айымсал работает в одной из аптек города. Старший сын Бекзат работает инженером в ТОО «Әскери құрылыс». Дочь Жанайым работает воспитателем в детском саду «Балакай». Младший сын Нурзат учится в военной школе «Жас Улан» имени С. Нурмаганбетова в городе Нур-Султан. Сын женат, дочь замужем. Имеет внуков Алинур, Райан.

На сегодняшний день участник Афганской войны Тулыбаев Полат Канатович проживает в Карагандинской области, г. Приозерск, по адресу ул. Гвардейская, д. 10, кв. 21.



Тұрлыбаев Полат,
Ауғаныстан, 1986




Тұрлыбаев Полат



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Шакиров Хұдайберган Сұлайманұлы**
**02.02.1961**

**Шакиров Хұдайберган Сұлайманұлы** 1961 жылғы ақпан айының 2 жұлдызында Өзбекстан Республикасы, Хорезм облысы, Хазарасп ауданында дүниеге келген. 1970 жылы тоғыз жасқа шыққанда әкесінің қазасынан кейін Бұхара облысының Газли қаласына көшіп келеді. Мектепте орта білім алғаннан кейін, өзін отбасының тірегі деп есептеген ол жұмыс таңдамай, қолдан керер жұмыстың бәрін атқарып, анасына қолқанат, ізінен ерген бауырларына қамқор болған. Ол әскер қатарына алынғанда Ауған жерінде соғыс басталып кеткен болатын. Осынау Кеңес Одағының әділетсіздікпен бастаған қанкешті ұрысқа қатысу Хұдайбергеннің де пешенесіне жазылыпты. Қан майданның ортасында жүріп, талай жау оғынан аман қалды. Әкесінен ерте айрылған жетімді Жаратқан ие жебеген болар, ерлік пен батылдықтың қазақ аталарындай үлгісін көрсеткен ол туған жеріне аман-есен оралады.

Жасы келе бастаған анасының қолы ұзаруын ойлаған жас жігіт 1983 жылы үйленіп, бүгінгі жұбайымен отбасын құрады. Жұбайы Айымкүл екеуі біреліктегі некелерінен 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Анасы мен отбасын тарықтырмай асырау үшін қолдан келетін барлық жұмыстың тұтқасынан ұстады. Кеңес Одағының бағы тайып, елдің жағдайы қаша бастаған тұста оның ойында негізгі тарихи Отаны Қазақстанға көшу ниеті пайда болған. Осы ойын ақырында жүзеге асырып, 1995 жылы Қарағанды облысының Приозерск қаласына қоныс аударады. Бұл жерде балалары оқып, білім алды. Олар ержетіп, ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырды. Әртүрлі жұмыстарды атқара жүріп, отбасының жағдайын жасады.

Ауғанстандағы соғыстың, тынымсыз еткен еңбектің кесірі болар, денсаулығынан ертерек айрылды. Қазіргі таңда денсаулық жағдайына байланысты еш жерде жұмыс істемейді. Шакировтар отбасы Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Абай көшесі 17/3-үй 73-пәтерде өмір сүріп жатыр.

Ауған соғысының ардагері, ержүрек жауынгер ретінде Х.С. Шакиров көптеген медальдармен марапатталған. Олардың арасында «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызметі үшін», «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының куәлігі», «Интернационалист-жауынгер Грамота медалі», «Интернационалист жауынгерге Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан

шығарылғанына 15 жыл, «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 25 жыл», «ҚР Қарулы күштеріне 10 жыл», «ҚР Қарулы күштеріне 20 жыл», «Ауғанстандағы әскери қимылдың аяқталғанын еске алуға 25 жыл», «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 30 жыл» төсбелгілері бар. Бұл марапаттар оның батылдығы мен ерлігін, қалтқысыз қызметі мен ерен еңбегінің айғағындай омырауында жарқырайды.

**Шакиров Худайберган Сулайманович** родился 2 февраля 1961 года в Хазараспском районе Хорезмской области Республики Узбекистан. В 1970 году, когда исполнилось девять лет, после смерти отца переехал в город Газли Бухарской области. После получения среднего образования он считал себя опорой семьи, не выбирая работу, делал все, что нужно сделать, поддерживая мать, заботясь о своих братьях. Когда он был зачислен в армию, на территории Афганистана началась война. Таким образом, Шакиров Худайберган стал участником Афганской войны.

Женился в 1983 году и создал семью. С супругой Айымкуль воспитал двух сыновей и двух дочерей. В 1995 году переехали на историческую родину Казахстан, город Приозерск Карагандинской области. В Приозерске работал в разных сферах. На войне в Афганистане был ранен и в последствии лишился здоровья. В настоящее время по состоянию здоровья нигде не работает. Семья Шакировых проживает в Карагандинской области, г. Приозерск, по адресу ул. Абая 17/3, кв. 73.

Ветеран Афганской войны Шакиров Х.С. награжден медалями: «За отвагу», «За боевые заслуги», «Удостоверение Президиума Верховного Совета СССР», медаль и грамота воина-интернационалиста, «Благодарность воину-интернационалисту от народа Афганистана», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «15 лет вывода Советских войск из Афганистана», «25 лет вывода Советских войск из Афганистана», «10 лет Вооруженных Сил РК», «20 лет Вооруженных Сил РК», «25 лет памяти о завершении боевых действий в Афганистане», «30 лет вывода Советских войск из Афганистана». Эти награды свидетельствуют о его мужестве и героизме, неустанной деятельности и самоотверженности.



Ауғанстан, 1980
Афганистан, 1980



Х.С. Шакиров



**Ауған соғысына қатысушы (1979-1989) –**
**Участник Афганской войны (1979-1989)**
**Шохметов Шашубай Серікұлы**
**20.01.1961**

**Шохметов Шашубай Серікұлы** Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы Балқаш қаласында 1961 жылдың 20 қаңтарында балықшы отбасында дүниеге келген. Ата-анасы дүниеден өткен. Өзі 1968-1978 жылдары Гулшат ауылының орта мектебінде білім алды.

1979-1981 жылдары Совет армиясының 40-шы әскери құрамында Ауғанстан Республикасы Кандагар қаласында әскери борышын өтеді. Әскери қызметтен кейін Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Балқаш 9 әртүрлі құрылыс объектілерінде жұмыс істеді. Шашубай Серікұлы 1979 жылы 10 сәуірде әскерге шақырылған. Германияның Далив қаласында әскери борышын өтеп жүргенде 1979 жылы Ауған соғысына жіберіледі. 1980 жылы Ауғанға жетіп әрі қарай әскери борышын 1 жыл өтеп, 1981 жылы 30 маусымда Ауғаннан өз Отанына оралды.

Отанына оралғаннан кейін Жамбыл облысы Тараз қаласында 1988 жылы отбасын құрады, 3 қызы, 4 немересі бар. Қазіргі уақытта «Джусипов О.К» жеке кәсіпкерлігінде жұмыс істейді.

Наградалары, медальдары:

1. «За отвагу» медалі
2. «За боевые заслуги»
3. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының куәлігі
4. Грамота, медаль «Воину интернационалисту»
5. «Воину интернационалисту от благодарного Афганского народа»
6. Медаль «70 лет Вооруженных сил СССР»
7. Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 15 жыл
8. Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 20 жыл
9. Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 25 жыл
10. ҚР Қарулы күштеріне – 10 жыл
11. ҚР Қарулы күштеріне – 20 жыл
12. «В память 25-летия окончания боевых действий в Афганистане»
13. «Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 30 жыл»

**Шохметов Шашубай Серикович** родился 20 января 1961 года в городе Балхаш Карагандинской области Республики Казахстан в семье рыбаков. В 1968-1978 годах обучался в средней школе села Гулшат. В 1979-1981 годах служил в составе 40-й армии Советской Армии в городе Кандагар Республики Афганистан. После службы работал на 9 различных строительных объектах Балхаша Министерства обороны Российской Федерации.

В 10 апреля 1979 года был призван в армию. В том же году после учебки был направлен в Афганскую войну. 30 июня 1981 года вернулся на Родину.

После возвращения в 1988 году женился и проживал с семьей в городе Тараз Жамбылской области. На данный момент имеет 3 дочери, 4 внука. В настоящее время работает в частном предприятии «Джусипов О.К».

Награды, медали:

1. «За отвагу»
2. «За боевые заслуги»
3. Удостоверение Президиума Верховного Совета СССР
4. Грамота, медаль «Воину-интернационалисту»
5. «Воину-интернационалисту от благодарного Афганского народа»
6. Медаль «70 лет Вооруженных сил СССР»
7. 15 лет со дня вывода советских войск из Афганистана
8. 20 лет со дня вывода советских войск из Афганистана
9. 25 лет со дня вывода советских войск из Афганистана
10. 10 лет Вооруженным силам РК
11. 20 лет Вооруженным силам РК
12. «В память 25-летия окончания боевых действий в Афганистане»
13. «30 лет со дня вывода советских войск из Афганистана».



Шашубай Шохметов жұбайымен
Шохметов Шашубай с супругой

# МАЗМҰНЫ
# СОДЕРЖАНИЕ

Алғысөз......3

Предисловие......5

Ұлы Отан соғысының ардагерлері / Ветераны Великой Отечественной войны..11

Ұлы Отан соғысының және полигонның ардагерлері /
Ветераны Великой Отечественной войны и полигона......43

Тыл ардагерлері / Труженики тыла......57

Ауған соғысының ардагерлері / Ветераны Афганской войны......99

# ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ
# ДОРОГАМИ МУЖЕСТВА

КІТАП-АЛЬБОМ
КНИГА-АЛЬБОМ

**ИБ №**
Басуға 02.06.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60х84 1/16.
Көлемі 6,75 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №.
Таралымы 250 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.